

#КүшімізБірлікте

Біз халқымыздың ырыс-ынтымағының арқасында кез келген қиындықты еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басамыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ



«АБЫЗҒА АЙНАЛҒАН АСАНӘЛІ»

3

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



АРМАН ҚАЛАНЫҢ АЙШЫҚТАРЫ

9

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 11 сәуірдегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 098 145

II компонентпен

1 077 585

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 11 сәуірдегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 465 962** адам,

II компонентпен **9 198 853** адам

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –

3 280 824

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.04.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде
13 м/с

13.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай



Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде
13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №38 (6173) 12 сәуір, сейсенбі, 2022 жыл.

«BIRGE – TAZA QAZAQSTAN»

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Алматыда «Birge – taza Qazaqstan» қалалық акциясы аясында жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылды



Пандемиядан кейін алғаш рет өткізілген сенбілікте мегаполистің барлық аумағын, шаһар аулаларын, саябақтар мен су қоймаларының жағалауларын тазалап, жасыл отырғызуға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өзі бастап, 60 мыңнан астам шаһар тұрғындары шықты. Тазалық жұмыстарына 502 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Сенбілік күні барлығы 10910 текше метр қоқыс жиналып, 5 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

7

12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

ҒАРЫШТЫ БАҒЫНДЫРҒАН БАТЫРЛАР



Әлем бойынша осы күнге дейін 600-ге жуық адам ғарышқа ұшқан. Оның үшеуі – қазақ баласы. Яғни қазақ ел болғалы үш батырын аспан көгіне ұшырды. Олар – Тоқтар Дүбәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов. Осы орайда Ғарышкерлер күні қарсаңында қазақ ғарышкерлерінің өмірі мен аспан әлеміндегі таңғажайыптары жайында қызықты деректерді оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

4

ҚЫСҚА...

- Президент халықтың табысын арттыруды бақылауға алуды тапсырды.
- Алматыдан 118 шақырым жерде жер сілкінісі болды.
- EHealth – денсаулық сақтау ақпараттық жүйесі 2023 жылы іске қосылады.
- «Самұрық-Қазына» қызметкерлерінің саны қысқарды.
- Қазақстанда зейнетақының ең төменгі мөлшері белгіленді.
- ҚР Үкіметі жанынан мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссия құрылады.
- Мүгедектердің өтінімдері сырттай қаралатын болады.
- Қазақстаннан астық пен ұн экспортталмайтын болды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫ

Аудандық және қалалық мәслихаттардағы сайлаудың мажоритарлық жүйесін және барлық деңгейдегі облыстық мәслихаттардағы сайлаудың аралас жүйесін (пропорционалды-мажоритарлық – 50/50) және императивті мандатты енгізу

Мәслихат төрағасы қызметін енгізу

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экономикалық дербестігін нығайту

Президент облыс әкімі қызметін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алуы үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

Әкімдер мен әкім орынбасарларының партия филиалдарында қызмет атқаруына заңнамалық тұрғыдан тыйым салу

Әкімдер орынбасарларының санына шектеу (үштен көп емес, ерекше жағдайларда – төрт)

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
«Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022
Almaty



● СЕМИНАР

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

«Профилактика – егде адамдар денсаулығының негізі» атты семинар сабақтары өтті



7-8 сәуір күндері Алматы қаласында әкімдіктің «Ұлт денсаулығының алдын алу – қарт адамдар ауруларының алдын алу» бағдарламасы негізінде «Профилактика – егде адамдар денсаулығының негізі» атты семинар сабақтары өтті. Шараны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің медицина жоғары мектебімен бірге Алатау, Әуезов, Бостандық және Наурызбай аудандарының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» қосыла отырып ұйымдастырды. Алғашқы күні ҚазҰУ Жоғары мектебінің профессорлық-оқытушылық құраманың қатысуымен әртүрлі дәрілік заттарды профилактикалық қолдану және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша дәрістер оқылды.



Досбол
АТАЖАН

«Бұл шара біздің қарт адамдардың барынша сапалы әрі ұзақ өмір сүруі үшін бағытталған. Мұндай семинар сабақтары арқылы үлкен кісілердің жақсарту және өзге аурулардан сақтану, профилактикалық жұмыстарды жүргізу туралы білімдерін арттырасақ дейміз. Шара екі күн өткенімен, бұл жоба осымен аяқталмайды. Біз «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» біріге отырып егде жастағы азаматтарымызбен байланыста болып, көмектесіп отырмыз. «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» 2018 жылдан бері Алатау, Әуезов, Бостандық және Наурызбай аудандарында жұмыс істейді. Алдағы уақытта мұндай орталықтар қаламыздың барлық аудандарында ашылады деп үміттенемін», – деді ҚазҰУ Медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы Жанна Қалматаева.

Іс-шараның екінші күні Бостандық ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ниет білдірген қарт адамдарды қабылдап, оларға ҚазҰУ медицина факультеті жоғары медицина мектебінің профессорлары мен доценттері консультативтік тексеру жұмыстарын жүргізді.

«2019 жылдан бері белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарымен қатынасамын. Бұл орталықтарда біз үшін біраз жағдай жасалған. Скандинавиялық жүріс, йога, айкөне, қазақ гимнастикасы, сурет салу және қолөнер сынды біршама белсенділікке шақыратын үйірмелер бар. Оның бәрі бізге неге керек? Себебі, біз өмір бойы жұмыс істедік, ендігі жаста балаларымызға ауырлық түсірмей, демалып өмір сүргіміз келеді. Сондықтан бұл орталықтарға біз ризамыз. Ал бүгінгі семинар сабақтарынан өзіме қажетті медициналық кеңестер ала алдым», – деді зейнеткер Ақылай Ибраимқызы.

● ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

институттарының рөлін нығайту мәселелері талқыланды

Бостандық ауданы әкімінің аппаратында аудандық Ардагерлер кеңесінің активі, жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің мамандары аудандық округтердің бастауыш ардагерлер ұйымдарының мүшелерімен кездесті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кездесуде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси жаңғырту, азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту жөніндегі тапсырмасына сәйкес ардагерлер қозғалысын жандандыру туралы әңгіме қозғалды. Қатысушылардың назарын тұрғылықты жері бойынша халықпен жұмыс істеуге аударды.

Президенттің қоғамдық ұйымдар рөліндегі жетінші бастамасын жүзеге асыру бойынша

бірінші кезектегі міндеттер нақты айқындалды. Атап айтсақ, бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысын жандандыру; зейнеткерлер арасында оларды жастар мен бүкіл халық арасында тәрбие процесіне тарту үшін неғұрлым белсенді бөлігін анықтау; әлеуметтік қызметкерлермен, еріктілермен өзара іс-қимыл жасай отырып, аз қамтылған отбасыларға, аса мұқтаж және жалғызбасты азаматтарға үнемі назар аудару; волонтерлерді тартып, ҰОС, УТФ қатысушылары мен мүгедектерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын тексеруге; аумақтық тиесілілігі бойынша

ша кәсіпорындарды, сауда ұйымдарын, медициналық және басқа да мекемелерді демеушілік көмекке қатысу, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту, мұқтаж азаматтарды сауықтыру үшін белсенді тарту; оқу орындары ұйымдарымен тұрғындарды мәдени-бұқаралық жұмысқа тарту үшін тығыз қарым-қатынас жасау; халықты сауықтыру үшін спорттық-бұқаралық сипаттағы іс-шараларды жиі өткізу; барлық мүдделі ұйымдарды тарта отырып, ҰОС Жеңісінің 77 жылдығына дайындық бойынша іс-шараларды анықтау мәселелері талқыланды.

Ардагерлер ұйымдарының жұмысына қатысты басқа да өзекті әлеуметтік мәселелер тартылды. Кездесуде Президенттің биылғы 16 наурыздағы Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау бойынша нақты ұсыныстар да назарға алынды.

● КОМИССИЯ

ЖАҢА ОБЛЫСТАРДЫҢ АТАУЛАРЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың төрағалығымен Үкімет жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының отырысы өтті. Онда Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Алматы облыстары әкімдіктерінің жаңадан құрылған Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарына атаулар беру туралы ұсыныстар қаралды.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында бірқатар әкімшілік-аумақтық өзгерісті

атап өтті. Олардың барлығы терең экономикалық негіздемеге ие. Бірақ біз үшін ең бастысы – қоғам пікірін ескеру. Енді Қазақстанда жаңа облыстар пайда болады. Атап айтқанда, Семей қаласы

Жаңа Абай облысының орталығына, Жезқазған жаңадан құрылған Ұлытау облысының орталығына айналады, мұндай өзгерістер Алматы облысына да қатысты», – деді Дәурен Абаев.

Комиссия келіп түскен ұсыныстарды қарап, қорытынды шығарады. Кейіннен қайта атау туралы шешім Президент Жарлығымен бекітіледі. Бұған дейін Республикалық ономастика комиссиясы Қапшағай қаласын Қонаев деп қайта атау туралы оң қорытынды берген болатын.

● БҰЙРЫҚ

ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұдан былай нысандардың аумағына білім мекемесіне қатысы жоқ ғимараттар мен құрылыстарды салуға жол берілмейтін болды. Сонымен қатар, мұндай өзгерістер білім беру ұйымдарындағы ыстық су мен жылы торап-

тарды жабдықтауға да тікелей қатысты. Аталмыш құжатта «Егер Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаса, онда су жылытқыштар орнатылатын болады. Ыстық және суық су барлық ванналарға, кір жуатын орындарға, қол жуатын орындарға, санитарлық тораптарға, тамақтану залдарындағы араластырғыштар орнатылған тех-

нологиялық жабдықтарға жүргізіледі. Сонымен қатар, жылыту жүйесі арқылы берілетін ыстық суды технологиялық және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарға пайдалануға қатаң шектеу қойылады», – деп нақтыланды.

Қолға алынып жатқан құрылыстар мен реконструкцияланып жатқан жобасы жоспарланған білім беру нысандарында кәріздендірілген, жартылай кәріздендірілген жерлерде санитарлық тораптар мен жылы санитарлық тораптар нысандарға орналасуы тиіс. Министрліктің мәліметінде бұл өзгерістер мен толықтырулар ағымдағы жылдың 6 маусымынан қолданысқа енгізілетін болады.



ТҰЛҒАТАНУ



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімовтің 85 жылдығы қарсаңында «Абызға айналған Асанәлі» атты көрменің ашылуы өтті.

Мәдени шарада театр корифейінің жеке қорынан 200-ге жуық экспонат қойылды. Сонымен қатар, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры музейі қорынан Асанәлі Әшімовтің жеке заттары да арнайы апарылды. Олардың ішінде актердің сахналық киімдері, естелік суреттері, кітаптары, құжаттары, наградалары бар. Сондай-ақ, достары мен әріптестерінен келген сыйлықтары қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. Салтанатты шараға арнайы келген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев абыз ағамызға Алматы қаласы әкімінің ілтипатын жеткізіп, жиналған зиялы қауымды, жұртшылықты Асекеңнің өмірі мен шығармашылығынан мол мәлімет беретін көрменің ашылуымен құттықтады.

Көрмеде сахна саңлағының жақын жолдастары, өнердегі әріптестері, үзеңгілестері, зиялы қауым өкілдері бой көрсетіп, сөз сөйледі. Төрегелді Шарманов, Алтынбек Қоразбаев, Жүрсін Ерман бастаған қазақ мәдениеті, әдебиеті мен ғылымының ірі өкілдері ақжарма тілектерін арнады.

«Жалпы, қазақ – сөзі ұзын халықпыз ғой. Қазіргі уақытта сөздің таусылғанын байқап жүрмін. Өйткені, соңғы 15–20 жылдың көлемінде Асанәліні айтыстың төріне отырғызып, төраға деп... Әр жерде таныстырған сайын Асанәлінің әр сипатын айтамын деп сөзім таусылды. Өзіңді-өзің қайталай бермейсің ғой», – деді ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман.

Асанәлі Әшімовтің шығармашылығы негізінде зиялы қауымның бірнеше буыны ержетті. Сахна корифейінің жасаған түрлі образдары қазақ кино, театр өнері жылнамасына алтын әріптермен жазылды. Оның кейіпкерлері табандылығымен, өр рухымен сан қырлы сахналық тартымдылығымен қызықты. Бұл Асанәлі Әшімовтің көркемдік әлемінің өзгелерден ерекше, бірегей жолы, шығармашылыққа деген ерекше ынтасы. Тіпті, кейде сахналық материал жетпей тұрған күннің өзінде Асанәлі Әшімов өзінің үздік жұмыстарында таудай талантымен, асқан шеберлігімен мұндай кедергілерді білдірмей жіберетін.

«Біздің театрымызда, құдай қаласа, Асағанның туған күні – 8 мамырда алғаш рет жаңа жанрда интерактивті спектакль дайындап жатырмыз. Оған еліміздің бар көрермені қатысатын болады. Сол кезде де баршаңызбен қауышамыз деп ойлаймын», – деді М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

Жазушылар одағы, шығармашылық интеллигенция өкілдері, әріптестері Асағанның сан қырлы талантына тоқталып, әлі де қазақ мәдениеті жылнамасына алатын парақтарды өз қолымен жазатынына сенім білдірді.

Көрменің мультимедиялық бөлімінен әр жылдары ойнаған рөлдерінің, әріптестері, достарымен, отбасымен түскен суреттерін көре аласыз.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Қала әкімі тұрғындармен кездеседі

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2022 жылғы 29 наурызда қала мәслихатының шешімімен Алматы қаласы әкімінің (тоқсан ішінде 8 кездесу) және аудан әкімдерінің тұрғындармен кездесулерінің жылдық күнтізбесі (ай сайын 1 кездесуден) бекітілді. Жылдық күнтізбе бойынша жылдың соңына дейін барлығы кем дегенде 48 кездесуге дейін өткізу қарастырылған (24 – қала әкімі, 24 – аудан әкімі).

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуі 14 сәуірде, сағат 15.00-де Абай даңғылы, 90 мекенжайда орналасқан Бас жоспардың ғимаратында өтеді.

Сәуір айы ішінде кестеге сәйкес аудан әкімдерінің халықпен 9 кездесуі өтеді.

Алматы қаласы аудандары әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі

№	Күні және уақыты	Аудан	Өтетін орны
1.	13.04.2022 (сәрсенбі) сағат 17.00	Әуезов	№ 86 мектеп, 6 шағынауданы
2.	13.04.2022 (сәрсенбі) сағат 11.00	Наурызбай	«Тастыбұлақ» шағынауданы, «Тастыбұлақ» саябағы
3.	16.04.2022 (сенбі) сағат 11.00	Жетісу	№177 мектебі, «Көкжиек» шағынауданы, 63
4.	20.04.2022 (сәрсенбі) сағат 11.00	Түрксіб	№203 мектеп, Досбол би көшесі, 31, «Нұршашқан» шағынауданы
5.	20.04.2022 (сәрсенбі) сағат 15.00	Алатау	«Теректі» шағынауданы, Ташкент тракті, 541
6.	21.04.2022 (бейсенбі) сағат 10.00	Бостандық	№40 мектеп, «Орбита-3» шағынауданы
7.	22.04.2022 (жұма) сағат 11.00	Наурызбай	«Алты-Алаш» шағынауданы, Сағатов көшесі, 24
8.	27.04.2022 (сәрсенбі) сағат 11.00	Медеу	№172 лицейі, Қарқаралы көшесі, 15, «Думан» шағынауданы
9.	28.04.2022 (бейсенбі) сағат 11.00	Алмалы	Алматы Сымбат және дизайн колледжі, Райымбек даңғылы, 174

КЕРЕК ДЕРЕК

10 сотық жердің берілу процесі барынша ашық болады



Досбол
АТАЖАН

Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алу үшін eGov.kz арқылы кезекке тұруға болады.

Бұған дейін ЖТҚ үшін жер учаскесін алу кезегіне тұру үшін қазақстандықтар әкімдіктерге қағаз жүзінде өтініш тапсыратын, онда кезек ретінің дұрыс жүргізілмеу қаупі болды. Сондай-ақ, кезекке тұру процесі 12 күн уақыт алды. Бұл өтініштер 16 жыл бойы аудан, қала, облыс деңгейінде бөлек-бөлек сақталды.

Жаңа жүйенің арқасында қазақстандықтар кезекке тұрып, eGov.kz-те оның жылжу барысын өз бетінше бақылап, жер кезегіне бұдан бұрын берілген өтініштің деректерін көре алады. Осылайша әрбір қазақстандық алуы тиіс 10 сотық жердің берілу процесі барынша ашық болады. Бұл процесс автоматизация арқасында 5 минут қана жұмсалады.

«Әкімдіктер берген тізімді біз цифрландырып, электронды форматқа ауыстырдық. Жер теліміне кезекті Цифрландыру – сыбайлас жемқорлықты жою және жерді игеру үдерісінде жасалған үлкен ілгері қадам. Енді кәмет жасына толған әрбір қазақстандық үйден шықпай-ақ, 10 сотық жерге eGov.kz арқылы өтінім бере алады. Тағы бір жаңашылдық – енді таңдаған аймақтың әкімдігіне бармай-ақ, еліміздің кез келген өңірінен жер теліміне өтінім беруге болады», – деп түсіндірді ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов.

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталына кіріп, «Жылжымайтын мүлік» – «Жер қатынастары» бөлімінен «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» қызметін таңдау қажет.

«Әрі қарай өтініш түрін таңдау керек. Бүгінде порталда өтініштің үш түрі бар:

- кезекке қою;
- деректерді өзектендіру;
- кезектен шығару.

Егер сіз жер учаскесін алу үшін кезекке алғаш рет өтініш білдіріп тұрсаңыз, онда өзіңіз жер аруды қалайтын аймақты таңдайсыз. Ал егер сіз бұдан бұрын жер кезегіне тұрған болсаңыз, бірақ ол туралы ақпарат таппасаңыз, онда «Өзектендіру» өтініш түрін таңдауыңыз қажет.

«Егер азамат бұдан бұрын мемлекеттен тегін жер телімін алған болса немесе елдімекенде ЖТҚ үшін бос жер телімі болмаса, жер кезегіне өтініш бере алмайды. Бос учаскелерді беру жөніндегі шешімді әкімдіктер қабылдайды. Учаскелер алаңдардың дайын болуына қарай немесе елдімекеннің бас жоспарына сәйкес, бос аумақтар болған жағдайда берілетін болады. Егер бұрын бір өңірде жер теліміне кезекке тұрған болсаңыз, ал қазір өзге аймақтан жер алуға ниеттенсеңіз, 10 сотыққа кезек реті ертерек келген өңірден жер бір рет қана берілетінін, қалған өтініштердің күші жойылатынын ескеру қажет», – деп хабарлады Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

Бұған дейін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жеке тұрғын үй құрылысы (ЖТҚ) үшін жер учаскелерін алуға кезекте тұрғандардың бірыңғай тізілімін әзірлеуді тапсырған болатын.

Айта кеткен жөн, ҚР Жер кодексінің 50-бабына сәйкес, 18 жастан асқан Қазақстанның әрбір азаматы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін (10 сотық жер) тегін алуға құқылы.



БІР СҰХБАТТЫҢ ТАРИХЫ

«ВАЛЕНТИНАҒА
РЕНЖІП ҚАЛДЫМ...»

*Бұл – тұңғыш ғарышкер орыс қызымен
сұхбат жүргізген қазақ журналисі
Ермырза Базарбаевтың сөзі*

Қазақ радиосына 100 жыл толғанынан оқырман хабардар болар. Ғасырлық маңызды мерекеге материалдар дайындап жүріп жеке мұрағатымнан тарихи фото-мағлұмат ұшыраттым. Суретте ғарышкер Валентина Терешкованы бір топ журналист қаумалап, сұхбат алып жатқаны бейнеленіпті. Қазақ журналисі көзіме оттай басылды. Мұндай бақытқа ие болған бұл ағамыз кім болды екен? Қазір бар ма екен? Мекенжайы қайда екен? Осындай сан түрлі сұрақтың жанға жай тапқызбағаны шындық еді.

Дәйекті іздестірудің нәтижесінде дерегіне де жеттік. Өкінішке қарай, журналист ағамыздың өзі марқұм болыпты, бірақ зайыбы Мәрия Қыбырайқызымен әңгімелесудің сәті түскен еді. Міне, содан бері де 20 жылдың жүзі болды. Жаңа қоғам, жаңа Қазақстан орнату жолында қарбалас шаралар атқарылып жатқанда, ұлттық тәрбиеге аз да болса септігі тиер деген оймен мақаланы қайта толықтырып редакцияға жолдап отырмын.

«...Мәрия Қыбырайқызы:

– Тұңғыш рет әйел баласы ғарышқа ұшты. Әлемді елең еткізген оқиға болды. Онымен сұхбат жүргізу Қазақстан бойынша журналист Ермырза Базарбаевтың (менің күйеуім) еншісіне тиді. Үлкен қуаныш қой, жолдасым балаша мәз болды. Белгіленген мерзім таяп қалғанда жоғары жақтан «Қазақстаннан ешкім келмесін» деген хабар келіп, қуанышы су сепкендей басылды. Алайда, өз басшылары мен Орталық Комитеттің жауапты қызметкерлері Мәскеуге қайта-қайта телефон шалып, рұқсат әперді-ау әйтеуір.

Мәз болып кеткен жолдасым көңілсіз оралды. Өңі сұлқ, қабағы қатыңқы.

– Ау, не болды, ғарышкермен сұхбат-тасқан адам өстіп жабырқай ма екен? – дедім мен.

– Валентинаға ренжіп қалдым, – деді ол өкпесін жасырмай. – Қаумалаған көп журналистің ішінен маған ерекше назар аударып:

– Сен қайдан келдің? – деді.

– Қазақстаннанмын.

– Ұлтың кім? – деді.

– Қазақпын, – дедім. Басын шайқап, сол иығын қиқаң еткізді.

Сұрапыл соғыс жылдары Мәскеуді жаудан қорғаған, бұл кезде бәрімізге ортақ ұлан-байтақ одақтың игілігі үшін күн-түн қатып тер төгіп жүрген батыр халық, еңбеккер ел – қазақты танымады. Бәлкім, білімсіздігі болар, бәрібір жанымға қатты батты, – деді налып.

Ермырза жан-жақты білімді, көпшіл болатын. Ешкімді ұлты мен руына қарай алааламайтын. Жарқылдап қарсы алатын. Жаны жайсаң еді, жаны жәннатта болсын асылымның. – Мәрия апа мөлтілдеп келіп қалған сағыныш моншақтарын аса ыждағаттылықпен сүртіп алып, сөзін аяқтады.

Алғашқы ғарышкер қызбен тұңғыш сұхбат жүргізген қазақ журналисі Ермырза Базарбаев кім? Ол Жетісудай жер жанның атанған өлкенің балығы тайдай тулаған, аккумуля мен қазы шулаған Алакөл өңірінде 1927

жылы дүниеге келеді. Жасынан ән-жырмен етене өскен өнерпаз ұлан есейе келе журналист мамандықты таңдайды. Университетті тәмамдаған соң бес жыл республикалық теледидарда, 33 жыл Қазақ радиосында тапжылмастан табандылықпен еңбек етті. Бөлім меңгерушісі, комментатор және концерттік бағдарлама директоры қызметтерін атқарды. Алматы облыстық радиохабарларын тарату редакциясының негізін ұйымдастырушылардың бірі. Меншікті тілшілердің жұмыс істеу тәсілін жүйелендіру, концерттік бағдарламалар жасау, оқиға болған жерден тікелей хабар беру, тағы да басқа радио жанрларының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан, білімі мен білігін әріптестеріне, әсіресе жастарға үйрете білген қаламы жүрдек журналист, тәжірибелі тәлімгер бола білген.

– 1959 жылдан 1991 жылдың соңына дейін Қазақ радиосының Семей облысы бойынша меншікті тілшісі болдым. Бөлім бастығы Ермырза Базарбаев еді. Күн сайын телефон арқылы байланысып, тапсырма беріп әрі хал-жағдайымды біліп отырады. Барынша талапшыл және қамқоршы болатын. Меншікті тілшілердің бәрінің үй-мен, көлікпен қамтамасыз етілуін, жалақыларының көтеріңкі әрі дер кезінде берілуін қадағалап, жүзеге асырып жүрді. Оның пікірімен Телерадио комитетінің сол кездегі басшылары Х.Хасенов, К.Есімов санасатын, – дейді бұрынғы әріптесі, Қазақ радиосының үздігі, зейнеткер Ғирфан Абдулқалықов бізбен әңгімесінде. Міне, мұның өзі Ермырза Базарбаевтың білікті басшы болғандығын аңғартса керек.

– Артында бес баласы қалды. Бірде-біреуінің қызығын көрмеді. Бірақ бәрінің де жоғары білім алуына, өмірден өз орындарын табуына жол салып, бағыт беріп кеткен-ді. Қазір үш қызы – Сәуле, Ләззат және Лариса ғылым кандидаты, ұлы Асқар облыстық әкімдікте жауапты қызметкер, кіші қызы Қарлығаш архитектор, танымал сәулеткер. 7 немере, 1 шөбереміз бар. Солардың арасында Ерекеннің де, өзімнің де міндетімді атқарып, ақылшы әрі тілекші болып отырмын, – дейді Мәрия Қыбырайқызы шүкіршілік етіп.

«Орнында бар оналар» деген ғой данышпан халқымыз. Жарасымын, жалғасын тапқан жақсы іске біз де сәттілік тіледік».

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Қазақстанның құрметті журналисі.

ТҰЛҒАТАНУ

ҒАРЫШТЫ БАҒЫНДЫРҒАН
БАТЫРЛАР

12 сәуір – адамзаттың ғарышты бағындырған күні. Сондықтан 1968 жылдан бастап Халықаралық авиация федерациясы бұл күнді Дүниежүзілік авиация және космонавтика күні деп бекітті. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы Адамның ғарышқа ұшуының халықаралық күні деп жариялады. Ғарышкерлерді дайындау ісі бұрынғы КСРО-да 1960 жылы, ал АҚШ-та 1959 жылы және 1962 жылы жүргізіле басталды. Тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннен (1961) бастап ғарышқа төрт жүзден астам адам ұшқан. Олардың ішінде қазақтың үш қыраны – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов бар.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

(Басы 1-бетте)

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ
ҒАРЫШКЕР

Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бірінші Май ауылында дүниеге келген. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры.

1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде ұшаққа екі рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады.

1989 жылы бірінші болып, авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді.

1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспан астрофизика бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. 1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды.

Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық даярлығын зерттеулер негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға, саяси және қоғамдық қызметтерге белсене араласты.



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ ҒАЛАМ



**Досбол
АТАЖАН**

Алғашқы ғарыш сапары кезінде ғарышкерлердің түгелі дерлік салмақсыздыққа үйрене алмайды. Онымен қоса, «ғарыш ауруына» ұшырап, арқа мен белінде ауырсыну пайда болады. «Ғарыш ауруы» кезінде ғарышкерлер бас ауруын сезінеді, аяқ-қолдарындағы сезім уақытша жоғалтады. Дегенмен, бірнеше күннен кейін мұндай ыңғайсыздық адам бойынан кетеді. Салмақсыздыққа үйренген соң, адам омыртқасы босап созылады. Нәтижесінде ғарышкерлердің бойы сапар соңында міндетті түрде 5–8 сантиметрге өседі.

Орбитада күн 90 минут сайын қайта-қайта шығатындықтан, ғарышкерлер бір тәулік ішінде 16 рет күн шығуын тамашалай алады. Бірақ мұндай тұрақсыздық ғарышкерлердің өздеріне ыңғайсыздық тудырады. Сондықтан олар ғарышта да жер уақытын ұстанады және сол уақытпен ұйықтайды. Сондай-ақ, жердегі

орталықтан жіберілген сигнал бойынша оянады. 2001 жылы зерттеушілер ғарыштағы ұйқыға байланысты зерттеу жүргізген. Оның нәтижесі ғарышкерлердің орбитада жердегіге қарағанда әлдеқайта тыныш әрі қалыпты ұйықтайтынын көрсеткен.

Ғарышкерлер негізінен үйдегі тіс пастасы секілді құтыларға салынған сұйық тамақтармен қоректенеді. Себебі, жанындағы заттардың бәрі ұшып жүретін салмақсыздық жағдайында бұл ғарышта тамақтанудың ең ыңғайлы жолы. Сонымен қатар, ғарышта суға шомылу мүмкін болмағандықтан, ғарышкерлер тазалық үшін арнайы жеуге болатын тіс пастасын және арнайы майлықтарды қолданады.

Валерий Поляков ғарышта 438 күн болып рекорд орнатқан. Сондай-ақ, үздіксіз ғарышта болу рекорды да Ресей ғарышкеріне тиесілі. Ол «Мир» орбиталық станциясында 14 ай өмір сүрген.

Ең алғаш рет Айға «Аполлон-11» ғарыш кемесі барып, Айдың бетіне ең бірінші америкалық ғарышкер Нил Армстронгтың аяғы тиген. Жерге келген соң, «ғарыштық вирустың» жұғу қаупі бар-жоқтығын тексеру үшін оларды карантинге жатқызып, қатан шекаралық тексерістен өткізген. Сонда ғарышкерлер кедендік декларацияның жүк бөліміне «біздің жүк – айдың тасы мен топырағы» деп көрсеткен екен.

NASA инженері Пабло де Леонның айтуынша, ғарыш скафандрларының әрқайсысы 150 кг-нан асады және 22 миллион доллар тұрады. Әр ғарыш костюмінің жасалуы өте қымбат әрі қиын болғандықтан ең ірі ғарыш агентінің өзінде скафандр жетіспеушілігі байқалады. NASA бас инспекторы Пол Мартиннің есебіне сәйкес, ведомствоның иелігінде барлығы 11 ғарыш костюмі бар.


БІЛІМ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕКЕНІ

Заманауи білім беруде IT-технологияның рөлі қандай?


**Балалар
жылы**
2022

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды елімізде «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі... Өске-лең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деген еді Президент. Осыған орай, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ) акционерлік қоғамы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНИСЕФ балалар қоры бірлесіп ұйымдастырған «Нақты әлемді геймификациялау» атты семинар Қазақстан Республикасындағы балалар жылына арналды. Іс-шара ХАТУ-дың «ITU Innovation» орталығында офлайн, ZOOM платформасында онлайн-режимінде өтті.



жылды «Балалар жылы» деп жариялауы – өте маңызды зор өзекті әрі уақытылы бастама болды.

Жалпы, «ХАТУ» АҚ Ғылыми және халықаралық қызмет жөніндегі проректоры Е.А.Дайнеконың модераторлығымен өткен семинарға қатысушылар іс-шара бағдарламасына орай «Виртуалды әлемдердегі нақты оқыту», «Мектеп сабақтарында геймификацияны қолдану», «Геймификация құралдары: технология және әдістеме. ХАТУ тәжірибесі» тақырыптары аясында жан-жақты пікір алмасты.

Ақпараттық-цифрлық технологиялардың қарқынды өсуінің нәтижесінде қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер бүгінгінің адамынан ақылды қоғам жағдайында цифрлық сауаттылық пен өнімділіктің жеткілікті жоғары деңгейін талап етеді. Цифрлық революцияның және ақпараттық-техникалық құралдарды адам қызметінің барлық салаларына жаппай енгізудің әсерінен білім беру саласындағы көзқарастар мен жас ұрпақты оқыту процесін ұйымдастыруға сұраныс айтарлықтай өзгерді. Бүгінгі таңда мектеп мұғалімдері, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары цифрлық дәуірде дүниеге келген заманауи білім алушылардың – «Z» және «A» ұрпақтарының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, өз қызметтерін қайта бағдарлауы қажет. Компьютер ойындары мектепке не үшін қажет? Қазіргі білім беруде IT-технологияның рөлі қандай?

Қалыптасқан жағдайға орай қашықтан оқу форматына көшу әртүрлі салалардағы мамандардың өздерінің кәсіби әлеуетін толық көлемде іске асыруға дайындығының төмен деңгейін көрсетті. Пандемия кезеңінде қашықтан оқыту форматына көшу бірнеше проблемаларды ашты, олардың ең бастысы – ұстаздар қауымы сандық форматта қашықтан дәріс беруге дайын емес болып шықты. Өкінішке орай, жұмысты қашықтан ұйымдастыруға және іске асыруға дайындықтың төмендігі, әсіресе, әлеуметтік сала өкілдері: психолог-

тар, әлеуметтік қызметкерлер, мұғалімдер арасында нақты байқалды. Бұған не себеп?

Біріншіден, осы сала өкілдерінің (ең алдымен қазіргі мектеп мұғалімдерінің) цифрлық сауаттылығының төмен деңгейі қолбайлау болды.

Екіншіден, педагогтар тарапынан заманауи ақпараттық технологияларды, оқытудың цифрлық әдістерін жаңартуға, апробациялауға және тәжірибеге енгізуге ықтиярсыздығы немесе мүлдем дайын болмауы да әсер етті.

Бұл факторлар бүгінде балаларға білім беруде геймификацияның рөлі мен өзектілігін айқындап тұр. Сондықтан семинарды ұйымдастырушылар қазіргі балаларға білім беруде геймификация әдісін ұсынып отыр. Қазіргі кезеңде ойын көбінесе бос уақыттың қарапайым формасынан білім берудің маңызды құралына айнала бастағанын атап өткен жөн. Қарапайым тілмен айтқанда, ойын элементтері бүгінде дәріс беру үрдісінің маңызды бір бөлігіне айналып барады. Ойын – балалардың психикалық дамуын анықтайтын негізгі әрекет түрі екені белгілі. Жалпыға белгілі, ойын дегеніміз балалардың психикалық дамуын анықтайтын негізгі қажеттілік. Адамның балалық, жасөспірімдік кезінде де, тіпті есейгенінде де ойын оның өмірінде маңызды рөл атқарады. Ойын балаға мотивация береді, қызықтырады, қызығушылығын туғызады, жігерлендіреді, оң эмоцияларға жетелейді, салауатты бәсеке-лестікті тудырады. Міне, сол себепті де қазіргі ойындар бос уақытты өткізудің қарапайым түрінен білім берудің маңызды құралына айналууда. Басқаша айтқанда, ойын элементтері оқу үрдісіне енгізілуде. Бүгінде балалардың психикалық және физикалық әлеуетіне ықпал ете отырып, сандық құралдарды (гаджеттерді) шебер пайдалану және оларды қолданудың пайдалы, тиімді шешімдерін ашу маңызды.

Мектептердің білім беру процесін геймификаландырудың ерекшелігі – онда әртүрлі ақпараттық технологиялар мен құралдар (тесттер, онлайн-жаттығулар,

квесттер) белсенді түрде енгізіле бастайды. Бұлардың нәтижелілігі мен табыстылығы – педагогтардың кәсібилігі мен цифрлық құзыреттілігіне тікелей байланысты болмақ.

Семинарға қатысушылардың пікірінше, білім беру саласындағы нақты оң өзгерістерге қол жеткізу үшін IT сфера мен психологиялық-педагогикалық ғылым және тәжірибе арасында тығыз байланыс қажет.

– Біздің қызметіміздің негізі – бұл білім беру үрдісінде компьютерлік графика мен осы технологиялардың виртуалды шынайылығына қатысты идеяларды ілгерілету, – дейді Vadrix Group негізін қалаушы және басшысы Владимир Баринов. Оның білім беру жүйесіне сәтті интеграцияланған жобаларының бірі – медициналық жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттеріне арналған платформа. Өзірлеушілер студенттерді виртуалды науқастар негізінде оқытуды ұсынады. Сабақтың осы ойын нұсқасында студенттер науқастың тарихын қадағалап, науқасты толық қалпына келтіре алады. Мұндай платформа студенттерге қызықты ғана емес, сонымен қатар оларға виртуалды кеңістіктегі қателіктерді адамға зиян тигізбеу арқылы өңдеуге мүмкіндік береді.

Мектеп сабақтарында геймификацияны қолдану тәжірибесімен №8 мектептің информатика пәнінің мұғалімі Гүлжан Тойбаева бөлісті. Оның айтуынша, балалар мұндай сабақтарды әлдеқайда жақсы қабылдайды, ақпаратты қызығушылықпен сіңіреді және жаңа тақырыптарды зерттеуде белсенділік танытады.

Семинар қорытындысы бойынша заманауи білім беру мекемелерінің оқытушыларын заманға сай, бәсекеге қабілетті және ашық жаңа ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік беретін біліммен қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар мен ұсыныстар әзірленді.

Ж.СЕЙТЖАНОВА,
ХАТУ-дың
ассистент-профессоры.

ТҰСАУКЕСЕР

ҰЛТТЫҚ САНА ҰЛЫҚТАЛДЫ


**Досбол
АТАЖАН**

Ұлттық сананың негізі – за-йырлы білімде. Аталмыш серия ауқымында соңғы жылдары «Қазақ философиясы», «Қазақ этикасы», «Қазақ мәдениеті», «Қазақ-

тану: тарих философиясы», «Философиялық энциклопедия» және орыс тілінде «Казахская культура», ағылшын тілінде «Kazakh culture» кітаптары жарық көрді. Тұсаукесердің мақсаты – дәстүрлі қазақ және қазіргі заманғы қазақстандық мәдениеттің әртүрлі мәселелерін ке-

шенді зерттеулерден өткенін көрсету, сондай-ақ ғылым мен білім беру жүйесін интеграциясын қамтамасыз етудің сипаттарын айқындап, отандық және шетелдік ғалымдардың күш-жігерін жасампаз бағытта біріктіруге ұмтылу.

«Қазақтану» сериясындағы кітаптардың тұсаукесері отандық ғалымдар арасындағы заманауи сұхбат пен ынтымақтастықтың маңыздылығын аңғартты. Өзара шығармашылық қатынастардың жаңа алаңына айналған осындай іс-шара – жалпы ғылымның және қазақ мәдениетінің мұрасын заманауи тұрғысынан түсінуге көмектесетіні және инновациялық тәсілдерге негізделген көптеген ғылыми бағыттардың дамуына жаңа серпін беретіні анық.

12 сәуір – Ғылым күніне орай ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында философия ғылымының докторы, белгілі профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының «Қазақтану сериясы» бойынша кітаптарының тұсаукесері өтті.



БІРІНШІЛІК

ДАРЫНДЫ ЖАСТАР ДОДАСЫ

Алматыда спорттық гимнастикадан Қазақстан чемпионаты өтті

Аталмыш додаға түрлі БЖСМ, ОРМБЖМ, ЖСПМ гимнастикалық командалары мен спорттың осы бағыты дамып келе жатқан Қазақстанның сегіз өңірінен клубтар қатысты. Ерлер арасындағы сайыс 9-дан 23 жасқа дейінгі 96 жасөспірім арасында 5 жіктеу дәрежесінде өткізілді. Спорт шеберлері мен спорт шеберлігіне үміткерлер бағдарламасы бойынша чемпионатқа ҚР Ұлттық құрамасының негізгі және жастар құрамаларының мүшелері қатысты. Алматы қаласының өкілдері барлық қатысушылардың үштен бірін құрап, жалпы есепте 31 гимнаст қатысты.

— Спорттық гимнастикадан ерлер ұлттық құрамасы өз бағдарламаларын қиындата түсіп, өзінің 4 жылдық өнер көрсету циклін аяқтады. Соңғы үш жылда құрама халықаралық жарыстарда екі алтын, 15 күміс пен бес қола медаль жеңіп алды. Ұлттық Олимпиада комитеті мен еліміздің өңірлері мен қалаларының дене шынықтыру және спорт басқармаларының қолдауының арқасында 2017–2021 жылғы циклге спортшыларды дайындау процесі жоспар бойынша жүзеге асырылып, нәтижесінде біздің спортшылар Токиода өтетін Олимпиада ойындарына лицензияға қол жеткізді. Карими Миладтың Токиода өнер көрсетуін қазақстандық гимнасттардың олимпиада ойындарындағы үздік көрсеткіші деп санауға болады. Себебі, мұндай жетістікке соңғы рет 1997 жылы – Сергей Федорченко тірек секіруден алтын алған кезде жеткенбіз, – деп атап өтті спорттық гимнастикадан ҚР құрамасының бас жаттықтырушысы Александр Ким.

Қыздарға келер болсақ, чемпионатқа барлығы 92 ару қатысты. Алматы қаласының командасы құрамында ІІ санат бойынша Нұриля Байниева, І санат бойынша Маржан Кенжехан, спорт шеберіне үміткерлер бағдарламасы бойынша Арина Лебедева, Галима Искакова, Карина Керімқұ-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

лова өнер көрсетті. Бұл командада спорт шеберіне бағдарламаны Анфиса Иванова ұсынды.

— Менің ойымша, қазір республика бойынша талантты спортшылар жетерлік. Сол себепті, өңірлердегі жас жаттықтырушылар ұиқыр әрі мықты спортшыларды шығарғысы келеді, алайда барлығы негізінен ақшаға келіп тіреледі. Қаржыландыру әлі де жеткіліксіз деп ойлаймын. Дегенмен, гимнастиканың қазіргі аяқ алысы жаман емес. Бүгінгі чемпионат жайлы айтар болсам, кіші жастағы – І ересек санаттағы қыздар арасында Семей қаласының қыздары бағдарламаның қиындығы мен орындалу сапасы жағынан айрықша көзге түсті. Жалпы командалық біріншілікте алашқы үш орынды: Алматы қаласы – жеңімпаздар, 2-орынды Нұр-Сұлтан қаласы, 3-орынды Қарағанды қаласы өзара бөлісті. Ересектер қатарына келер болсақ, бұл санатта тек спорт шеберлері мен спорт шеберіне үміткерлер өнер көрсетеді. Кандидаттар мен спорт шеберлерінің күресі Шымкент, Қарағанды, Талдықорған, Алматы және Нұр-Сұлтан

қалаларының гимнасшылары арасында өтті, – дейді спорттық гимнастикадан ҚР құрамасының бас бапкері Надира Юнусова.

Командалық жарыс қорытындысына сәйкес, екі күнде жиналған ұпай бойынша 1-орында Алматы қ. №9 ОРМБЖМ командасы.

Спорт шеберлерінің жеке жарыстарында көпсайыс бағдарламасы бойынша Алматы өкілі Милад Карими 1-орынды қанжығасына байласа, 2-орынды алматылық гимнаст Ильяс Азизов пен 3-орынды шымкенттік гимнаст Фарух Набиев иеленді.

Финал қорытындысы бойынша спорт шеберлерінің жекелеген спорт түрлері бойынша сайысында Нұр-Сұлтан қаласынан келген Дмитрий Патанин ерекше көзге түсті, ол еркін жаттығулардан, тіреп секіруден және қоссырық жаттығуларынан басым түсті. Ат үстіндегі жаттығуларда шымкенттік спортшы Дияз Тойшыбек жеңіске жетті. Сақинадағы жаттығуларда алматылық гимнаст Ильяс Азизов топ жарды.

Көпсайыс пен снарядтардағы барлық чемпиондар мен жүлдегерлер – ұлттық құраманың негізгі құрамының мүшелері және барлық ресми халықаралық жарыстарда біздің еліміздің намысын қорғап жүрген белді спортшылар.

ҚР чемпионатына қатысушылардың жартысына жуығын ІІІ дәрежелі – 41 спортшы құрады. Бұл разрядта олар тек көпсайыста өнер көрсетті. Екі күн бойы ұпай бойынша 1-орынды алматылық жас гимнаст Мохмад Шишхаев иеленді. 2 және 3-орындарды Қостанай қаласының өкілдері Руслан Ивченко мен Тамерлан Божанов иеленді.

Спорт шеберлері бағдарламасы бойынша қыздар арасындағы жеке көпсайыста 1-орынды шымкенттік Көркем Ербосынқызы, 2-орынды талдықорғандық Александр Шамитко және 3-орынды қарағандылық Дарья Исинская еншіледі.

Жеке есепте спорт шеберлігіне үміткерлер бағдарламасы бойынша 1-орында – Алматыдан Арина Лебедева, 2-орында – Шымкенттен Мерей Бабаева және 3-орында – алматылық Карина Керімқұлова.

«WORLD SKILLS KAZAKHSTAN»

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК БАЙҚАУЫ

«JasSkills Auezov 2022» чемпионаты басталды

Алматыда «WorldSkills Kazakhstan» талаптарына сай «JasSkills Auezov 2022» байқауы басталды. Әуезов ауданы әкімдігі ұйымдастырған екі күндік додаға 6 колледжден 105 студент қатыспақ. Олар 20 мамандық бойынша бақ сынаиды.

«JasSkills Auezov 2022» чемпионатының ашылу салтанаты Н.Саң атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында өтті. Мұнда қатысушы студенттерден бөлек, ауданның 800 оқушысы көрермен залына лық толы отырды. Аудан әкімі Сайран Сайфеденов жастар алдына шығып, өзінің жылы лебізін білдірді.

«Біздің елде әлі күнге дейін жұмысшы мамандықтарға деген көзқарас оңалмаған, бірақ қазіргі заман өзгеше. Еліміздің экономикасы жан-жақты дамыған тұста – дәл осы мамандықтарға деген сұраныс өршіп тұр. Қазір техникум бітірген, колледж бітірген мамандарымыз жолын тауып, кәсібінің арқасында нәпакасын тауып жүр. WorldSkills – аталмыш мамандықтардың таныла түсуіне,



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

беделінің артуына бағытталған бірден-бір қозғалыс. Сондықтан біз мұндай бастамаларды әрдайым қолдай бермекпіз», – деді Сайран Сайфеденов.

Байқаудың бас ұйымдастырушысы – Алматы қаласы әкімдігінің, қалалық білім басқармасының, бизнес-қоғамдастық пен «WorldSkills Almaty» техникалық коми-

тетінің қолдауымен Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімдігі. «WorldSkills Almaty» қозғалысының ұйымдастырушы комитетінің мүшесі Ерұлан Серікұлы биылғы байқаудың халықаралық стандарттарға сай, аудан колледждерінде басым мамандықтар бойынша өткізілетінін жеткізді.

«Әуезов ауданы бойынша чемпионат

2019 жылдан кейін, міне, екінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұл чемпионаттың бәрімізге белгілі WorldSkills-тан ерекшелігі – жаңа ғана колледж табалдырығын аттаған жастар, яғни 1-курс студенттері ғана қатысады, сондықтан атауын JasSkills қойып отырмыз. Алайда, барлық сайыстар халықаралық WorldSkills стандарттарына сай өткізіледі. 20 мамандық бойынша 6 колледжден 105 студент бақ сынаиды», – деді Ерұлан Серікұлы.

Биылғы чемпионаттың тағы бір ерекшелігі – дарынды студенттердің додасын 9-сынып оқушылары өз көзімен көріп, колледждерде ұсынылатын мамандықтардың шынайы өмірдегі қолданысын, ішкі ерекшеліктерін бақылай алады. Сол арқылы ұйымдастырушылар оқушылардың мамандық таңдауына көмек беріп, жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылықты арттырмақ.

Жалпы «JasSkills Auezov 2022» чемпионатының негізгі міндеттеріне: мектеп, гимназия және лицей білім алушыларын ерте кәсіптік бағдарлау моделін және кәсіптік даярлау негіздерін жасау; колледж студенттері арасында кәсіби шеберлік негіздері бойынша жарыстардың кең жүйесін, WorldSkills Kazakhstan қозғалысының бөлігі ретінде «JasSkills» бағдарламасын дамыту кіреді.

Газетіміздің келесі санында үздік деп танылған жобаларға шолу жасап, дарынды жастармен оқырмандарды жақынырақ таныстыратын боламыз.

Бетті дайындаған
Динара МҰРАТ.



Жұмыла көтерген жүк жеңіл



Динара
МҰРАТ

«Birge – taza Qazaqstan» қалалық акциясы аясында өткен сенбілік Алматының барлық аудандарын қамтыды. Аталмыш шарада қоқыстар жиналып қана қоймай, жасыл желек отырғызылып, су арналары тазартылды. Қала бойынша 502 бірлік арнайы техника жұмылдыру арқылы барлығы 10 910 текше метр қоқыс жиналды. Ал Сақ қорғандарының аумағында, Алатау ауданының Қарағайлы орманында, Сайран көлі мен Қарғалы өзенінің жағасында 5 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Көптен күткен сенбілік

Ең ауқымды сенбілік Сайран көлінің жағасында өтті деуге болады. Екі ауданның жұртшылығын біріктірген Сайран су қоймасында жұртшылық көп жиналды. Экологиялық іс-шараға Әуезов ауданы бойынша 8200-ден астам тұрғын қатысса, Алмалы ауданынан 2000-нан астам халық шықты.

Су қоймасын тазартуға еріктілер, студенттер мен қоғам белсенділері атсалысты. Ең алдымен, жағажайды бытырдан қалған жапырақтардан, бөтелкелер мен полиэтилен пакеттерден тазарту басталды. Су түбіндегі көлік дөңгелектерін алу бәрінен қиынға түсті. Аталмыш шаралар полимерлер мен химиялық қоспалардан көлге келетін зиянды барынша азайтуға бағытталған болатын.

Жұмыстың қиындығына қарамастан, Әуезов ауданы аумағында (Сайранның батыс жағажайы) халықтың көңіл күйі көтеріңкі болды. Жастардың қолдауымен ұйымдастырылған флешмоб пен түрлі-түсті әуе шары өзіндік әсерін тигізді деп топшылады.

«Сайран – қайталанбас экожүйесі бар бірегей орын. Мұнда қырауылдарды кездестіруге болады, тырналар жәй ұшып келеді, жағасы да кең. Сондықтан бұл жерді жинауға қол жетіспей жатады, әкімдіктің сенбілік ұйымдастырғаны жасақсыз болды», – деді Алматы тұрғыны Рауан.

Карантиндік шаралар салдарынан ұзақ уақыт ұйымдастырылмай, кейін ауа райына байланысты бірнеше рет кейінге шегерілген сенбілікке екі ауданның да әкімдері қатысып, техникалық жағынан барынша дайын болуға тырысқан.

«Шамамен мыңнан астам қоқыс қаптарын, 6 мыңдай қолғап, мыңнан астам құралдар: тырма мен айыр дайындалды. Қыстан кейін қоқыс көп жиналып қалған. Оның бәрін қар ерігенде ғана байқайсың, мұндайда көптің көмегіңіз тазарту қиынға түседі. Келген жұртшылыққа алғысымды білдіремін», – деді Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Сапар Нұрашев.

Қыс мезгілінен кейін аудан аумағын тазалау бойынша іс-шараға жалпы Әуезов ауданы бойынша шамамен 1200 м³ қоқыс жиналып, 636 көшет отырғызылды.

Халық көп жиналды

Ресми деректерге сүйенсек, қала бойынша ең көп халық жиналған сенбілік Наурызбай ауданында өтті. Мұнда тазалық акциясына 16 мың тұрғын, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінің өкілдері, 400 заңды тұлға, кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, ауданның бау-бақша серіктестіктері, сондай-ақ Алматы қаласының мәслихат депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Таңғы 9-да басталған сенбілікте қала әкімі сөз бастап, тұрғындарға алғыс білдірсе, қоғам белсенділері мен танымал тұлғалар да өз ойларымен бөлісіп, халықты қолдап жатты.

«Бүгін мына акцияны қала әкімі ұйымдастырып, сүйікті Алматымыз таза болсын, көркейе берсін деген ниетпен сенбілікке шақырған болатын. Сондықтан бүкіл алматылықтар



тар болып, қаламыз үшін жұмылған жайымыз бар. Уақыт бөліп келгендеріңізге, экологиялық жағдайға көңіл бөлгендеріңізге мың алғыс», – деді аудан әкімі Санжар Тоғай.

Жұмысы ауыр сенбілік мұнда да ерекше бір мерекелік көңіл күймен өтті десек болады. Іс-шара музыкалық сүйемелдеумен өтіп, жұртшылыққа палау мен сусындар таратылды. Сенбіліктің ең жас, ең үлкен және белсенді қатысушылары естелік пен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жалпы аудан бойынша қоқыс шығару жұмыстарын ұйымдастыруға қосымша 45 бірлік арнайы техника тартылды, нәтижесінде 2500 м³-тен астам қоқыс шығарылды. Сақ қорғандарының жанында 1000 қайың, Абай даңғылы мен Қарғалы өзенінің бойында 150 қылқан жапырақты ағаш, өзен бойында 1500 жапырақты ағаштар отырғызылды.

Бар аумақ қамтылды

Түркісіб ауданында жаппай тазарту жұмыстары Петрозаводск көшесіндегі және «Алтай» ықшамауданындағы аллеяда, Сейфуллин саябағында, Сүйінбай даңғылының бойымен Шолоховтан Хмельницкий көшесіне дейін, Хмельницкийден Майлин көшесінен Монтажнаяға дейін жүргізілді.

Аталмыш шараға аудан бойынша 13 000 мың адам тартылып, 55 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде барлығы 1000 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Сондай-ақ, мұнда да дәстүр бойынша, «Алтай» шағынауданындағы жаяу жүргіншілер аллеясына, Сейфуллин саябағы және Петрозаводск көшесі бойында 970 түп ағаш отырғызылды.

«Birge – taza Qazaqstan» қалалық акциясы аясында өткен сенбілікте Бостандық ауданының тұрғындары көшелерді, бульварларды, саябақтарды, скверлерді, өзендер мен орам-шілік аумақтарды қысқы қоқыс қалдықтарынан тазалады.

Мұнда жалпы саны 502 ағаш отырғызылды. Бостандық ауданын тазалау қорытындысы бойынша сенбілікке 8000 адам шығып, 2229 м³ қоқыс шығарылды және 75 бірлік арнайы техника жұмылдырылған.

Қаламыздың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында, дәстүр бойынша қала тұрғындарының қатысуымен Алатау ауданындағы қарағайлы орман аумағына 500 қарағай ағаш түптері мен 1500 дана қарағаш, алма ағаштары мен талдар отырғызылды.

Аудан бойынша барлық шағынаудандарда аумақтарды тазарту жұмыстары жүргізілді. Сенбілікке 3000-нан аса адам қатысып, 1300 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Сенбілік аясында Жетісу ауданында да барлық саябақтар, скверлер, мектептер, балабақшалар, су қоймалары мен



60
мың
тұрғын
қатысты



502
бірлік
арнайы
техника
жұмылды-
рылды



10910
текше метр
қоқыс
жиналды



5
мыңнан
астам ағаш
отырғы-
зылды

кәсіпорындардың аумақтары тазартылды. Сенбілікке 10000-нан астам адам қатысып, 432 тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Аудан тұрғындары және активімен бірге Черновская, 101 көшесі бойынша шаған тұқымның 50 данасы отырғызылды.

«Alataу Aqparat» медиахолдингі өз үлесін қосты

Алматы қаласында өткен жалпықалалық сенбілікке «Alataу Aqparat» ұжымы да өз үлесін қосты. Ұжым қызметкерлері өз ғимаратымыздың ауласымен қатар, Шевченко көшесінің бойын тазалауға атсалысты. «Almaty aqshamy» газетінің журналистері әр аудандарға барып, ағаш отырғызу ісіне өз көмектерін берді. Біз, «Alataу Aqparat» ұжымы қала игілігі үшін жасалған бастамаларды әрқашан қолдаймыз және өз оқырмандарымызды мұндай шаралардан сырт қалмауға шақырамыз. Жақсылық жасап жарысайық, алматылықтар!



РАМАЗАН-2022

БАЛА ЖӘНЕ ОРАЗА

Бүгінде ауыз бекітетін жастар қатары көбейді. Бек қуаныштымыз! Себебі, бізге елдің ертеңін сеніп тапсыратын денсаулығы мықты, иманды, білімді ұрпақ керек.

Қазір мектеп жасындағы, оның ішінде бастауыш сыныптың балалары да ораза ұстайтын болған. Бұл «апам тойға барады, мен де барам» дегенге саймай ма? Осы тектес өзге де сауалдарымызды «Тауғұл» мешітінің найб имамы Аянбек РАНҰЛЫНА қойған болатынбыз.

Нұржамал
ЭЛІШЕВА

– Бүгінде кішкентай балдырғандар да ауыз бекітетін болған. Баланың аты – бала, сәресіне тұра алмай ұйықтап қалатыны немесе үлкендерден жасырып тамақ ішіп-жеп қоятындары да жоқ емес. Жалпы, жеткіншектер қай жастан ораза ұстағаны дұрыс?

– Қасиетті Рамазан айы мүбәрақ болсын! Тұтқан оразаларыңыз қабыл болсын!

Барлық мұсылман қауымына балиғат жасына толғаннан бастап ораза ұстау – парыз. Балиғат жасы – ер жету, бой жету жасы. Балиғат жасы ер балаларға 12 жас болса, қыз балаларға 9 жас болып есептеледі. Әрине, бала да ораза ұстауға риясыз ниетімен келгені дұрыс.

– Балалар оразаның қадір-қасиетін тереңінен түсіне қоймауы мүмкін. Сондықтан оларға Рамазан айында үлкендер тарапынан қандай қолдау көрсетілуі керек?

– Біріншіден, баланың оразаға деген ықыласын жастайынан оятқан жөн. Сіздің ораза ұстап жүргеніңізді көріп жүрген баланың сізбен бірге ораза ұстауға деген ынтасы болары сөзсіз. Со-сын Рамазан айы келмес бұрын



оның қандай ай екенін, мұсылмандар неге ораза ұстайтынын түсіндіріп беріңіз.

Рамазан айының әр кешінде оларға пайғамбарлар тарихын, ғибратты әңгімелер, хикметтер айтып беруді әдетке айналдырған жөн. Баламен денсаулықты қазірден күту туралы әңгіме-дүкен құрып, бұл ретте оразаның пайдасы үлкен екенін айтуымыз керек. Өзіне сөйлейтін тілінді, еститін құлағынды, аяқ-қолыңды тегін берген Алла Тағала «Рамазан айында тұтқан ораза үшін сый-сияпатымды еселеп беремін» деген.

Кішкентай баланы, мәселен, таң мен түстің арасында ораза ұстатып үйрету керек. Бала таңғы шәйін ішіп алады ғой, сосын оған

«түскі асқа дейін ештеңе ішпей, жемей, шыдамдылық танытар болсаң, мен саған жақсы көретін тәтті кәмпитінді алып беремін» немесе «тамаша сыйлығым бар» деп қуанытып қою қажет. Сонда бала бір жағынан сыйлық алуға асығады, екінші жағынан сабырлы болуға, төзімділікке, шыдамдылыққа үйрене бастайды. Одан балаға еш зиян келмейді. Өзін судан, тамақтан тыя алатын болады. Сол арқылы асқазанын үйретеді. Имам Мәліктің бір оқиғасы бар. Әкесі ұлына бір күнде бір хадис жаттаса, кәмпит алып беретін болған немесе сый-сияпат беріп отырған. Күндер өте келе ұлы «енді екі сыйлық алайыншы» деп құлшынып, бір күнде екі хадистен жаттайтын



дәрежеге жеткен. Сөйтіп, ары қарай хадисті жаттау күнделікті дағдысына, сүйіспеншілікпен атқаратын ісіне айналып, сосын сыйлық та, тәтті де күтпей-ақ оңай жаттап алатын болған.

Рамазан айына, оразаға баланы дайындаудың тағы бір жолы – айналамызда ауырып, сырқап қалған кісілер болса, сол адамға арнап сорпа-су дайындап, «жүр, балам, көршіміз ауырып қалыпты, көңілін сұрап қайтайық» деп, баланы жанымызға ертіп алып, оның бойына мейірімділік, ізгілік, адамгершілік сезімін сіңіре беруіміз қажет.

– Аузы берік бала қарны ашып, тамақты ойлай бермес үшін ата-ана тағы қандай қызықты қадамдар жасағаны дұрыс?

– Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір құрмамен ауыз аштырғанға да, тек сумен ауыз аштырғанға да, аз ғана сүтпен ауыз аштырғанға да сауап беріледі», – дейді. Иә, дініміз бойынша, өзгерлерге ас-су беру сауапты амал екендігін баршамыз білеміз. Ал Рамазан айында аузын бекіткен бауырларымызға тамақ беру одан да сауапты іс. Балаңызға «кел, екеуміз көршілерімізге, жақындарымызға әрқайсысына үш құрма-

дан дайындайықшы» деп, әр қалташаға салып, жанына түрлі тәттілер қосып, балаңызбен кішкентай болса да пайдалы іс істеген абзал. Сол кезде бала да оразаның қадір-қасиетін түсінеді, хикметін сезеді деп ойлаймын. Ауызашарға дейін осындай іспен айналысқан жеткіншек қарны аш екенін де бір сәтке ұмытып кетеді. Бұл – үлкен хикмет.

– Демек, бала мен ата-ананың арасында рухани байланыс болуы керек.

– Міндетті түрде. Адам баласына оразаның еш зияны жоқ. Оның денсаулыққа пайдасы орасан. Мәселен, көлікті де жыл он екі ай жүргізе берген соң, темір болса да, ол да тозады, бір жері сынады. Сондықтан әлдебір бөлшегін ауыстыру керек болады. Немесе айталық, жұмыс істеген адам да бір жылда бір рет еңбек демалысын алады, ал оқушылар, студенттер демалысқа шығады. Себебі, адам үздіксіз жұмыстан, жүрістен тынығу керек. Сол секілді, он бір ай үздіксіз жұмыс істейтін асқазанға да демалыс керек. Ағзамызға артық майлар, тұздар, шлактар жиналып, көбейе береді. Соны ретке келтіру үшін бізге ораза ұстау керек болады. Оразаның орасан зор пайдасын тіпті Еуропаның да іргелі медицина орталықтары дәлелдеген.

Ауызды құрмамен ашу керек, онда бізге керекті дәрумендердің бәрі бар. Көкөністерді көбірек тұтыну қажет. Ауыр тамақтар жеуге болмайды. Ауыз ашқанда тыңқиып тойып та алмаған абзал. Мүмкіндігінше жеңіл тамақтар ішкен жөн. Осылай бір ай бойы денсаулығыңызды туралап алсаңыз, иншалла, денсаулығыңызға да пайдасы бар. Тек денсаулығым деп емес, мақсат – Алланың парызы қылғандығын сезіне білу, балаларға да осылай түсіндіре білуіміз керек.

– Әңгіменізге рахмет!

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН



Мың айдан да қайырлы

«Қадір» сөзі «үкім түні» мағынасын береді. Қадір түні – Алланың тағдырды үкім ететін түні.

Құранда: «Ол кеште барлық хикметті істер айырылады. Бұл түнде келесі жылғы істердің тағдыры жазылады», – дейді. «Қадір» сөзінің тағы бір мағынасы – «абырой, бедел». Мұндай жоғары дәрежеге лайық болуының себебі, бұл түннің қадір-қасиеті мың айдан да қайырлы. «Қадір түні мың айдан да артық», – деп «Қадір» сүресінде баяндалады. Рамазан келгенде, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында, сендерге бұл ай келді! Онда мың айдан да қайырлы бір түн бар. Сонда кім ол түні бейқамдық танытса, оның барлық игілігінен құр қалады. Ал оның барлық игілігінен тек нағыз мақұрым адам ғана айырылып қалады!», – деп жеткізген.

Сонымен қатар, «қадір» сөзінің бір мағынасы – «сығылысу». Осыған байланысты зерттеуші ғалымдар қадір сөзі «тарылу» мағынасын да білдіреді деген жорамалдар жасаған. Өйткені, бұл түні жер бетіне періштелер толып кетеді. «Қадір» сүресінде: «Ол түні періштелер және Жәбірейіл (оған Алланың сәлемі болсын) Раббыларының рұқсатымен әртүрлі іс атқару үшін түседі», – дейді. Сол түнгі көктем түсетін періштелердің саны жердегі майда тастардан да көп болады. Пенденің әрбір жасаған дұғасына «әмин» деп тұрады.

ТЫЛСЫМ КҮШ

НУМЕРОЛОГИЯ ШАРИҒАТҚА САЙ МА?

Тылсым күштерге қызығу – адам баласына тән дүние. Көп жағдайда бұл арқылы тағдырдағы жазмышты біліп немесе жолының қай тұстан ашыларын болжап жатады. Соның бірі – әлемдік «сәнге айналған» нумерология ілімі.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Әлеуметтік желі парақшаларында жарнамасы желдей ескен кәсіп иелерінің «әсерінен» болса керек, соңғы уақытта нумерология біздің қоғамға ене бастады. Жаратқанға серік қосу, тылсым күш секілді салмақты мәселелерге аса сақтықпен қарағанның өзінде соңғы жылдары сипат алған сала «тұтынушыларын» бірден баурап алды. Сөйтіп, қазір нумеролог та көбейді, оның «кеңесіне» жүгінушілер қатары да артты. Әрине, наным-сенім деген әркімнің жеке шаруасы, бірақ сандар «сиқырына» сеніп, алдағы өмірге бағыт-бағдар етіп ұстанған жөн бе? Бұл шариғатқа сай ма? Жалпы, нумерология дегеніміз не?

Бұл туралы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының шариғат және пәтуә бөлімі меңгерушісі Хасан Аманқұл тағдырды Алладан басқа ешкім білмейтінін айтады:

– Исламдық діни сенім бойынша әлемдегі барлық құбылыстар, өзгерістер Алла Тағаланың қалауымен ғана жүзеге асады. Бұл жайында «Ағраф» сүресінің 188-аятында: «(Ей, Мұхаммед) оларға: «Мен, Алла қаламайынша, өз-өзіме титтей де пайда келтіре алмаймын, сондай-ақ өзіме келетін зиянның да бетін қайтара алмаймын. Егер ғайыпты (болашақты)



білетін болсам (еш уақытта шығынға ұшырмай) әрдайым мол табысқа кенеліп отыратын едім» (алдағы қауіп-қатерден алдын ала сақтанар едім де) басамы ешқандай жамандық та, бәле-жала да келмес еді», – делінген, – дейді ұстаз.

Сонымен қатар, Хасан ұстаз нумерология ілімі толық сиқырға жатпаса да, оның сандарға негізделгені сиқырмен байланысы бар екенін айқындайтынын жеткізді:

– Атақты мұсылман ойшылы Ибн Халдун «Мұқаддима» еңбегінде сиқыршылардың жын-шайтанның күшіне жүгінетінін баяндайды. Ол сиқыршыларды бірнеше түрге бөледі. Бірі – тек өз күшіне сүйенетіндер, екіншісі – жұлдыздарды немесе сандарды пайдаланатындар. Ибн Халдун біріншісінің дәрежесі жоғары екенін айтқан. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім балгерге, сиқыршыға, не сәуегейге барып бір нәрсе сұрап, оның айтқандарын растаса, онда ол Мұхаммедке түскен нәрсеге күпірлік еткен болады», – деген. Ибн Халдун сандармен қандай да бір болжам жасау туралы: «Бұның барлығы қате тұжырымдар ғана. Олар (нумерологтар)

бұл әдісті ой-санасы толық жетілмегендерді алдап-арбау үшін қолданады», – деген, – дейді Хасан Аманқұл.

Қызылды-жасылды әлемде жастардың көбі дерлік нумерологияға имандай сеніп, «менің бақыт әкелер саным осы», «сәттілік әкелетін түсім мынау», «қаржы кодым мына сан» деп шырмалаңға ілігіп келеді. Ал мұндай тірлікке ұстаз «нумерология – бос әурешілік» деп жауап берді.

– Тарихта аталған іліммен айналысқан кейбір шейіттік және шектен шыққан сопылық бағыттар жайында келген. «Мұқаддима» кітабында мұның жоғарыдағы топтардың ғайыпқа қол жеткізуге құштарлығынан пайда болғаны айтылады. Нумерология және соған ұқсас басқа да тылсым күштермен айналысуға, соларға жүгінуге шариғатымыз қатаң түрде тыйым салған. Себебі, оның дүние тіршілігіміз үшін де, ақыреттегі жағдайымыз үшін де ешбір пайдасы жоқ. Оған уақыт бөлу – бос әурешілік. Сонымен қатар, сандар болжамына сеніп, Алланың құдіретіне, тағдырына шәк келтіру үлкен күнә саналады, – дейді Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының шариғат және пәтуә бөлімі меңгерушісі.



ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



Айжан
БҰРКІТБАЕВА

«Вечерний Almaty» газетінің 85 жылдығына арналған кітап жарық көрді. Кітап авторлары – әртүрлі ұрпақтар сабақтастығы, қазақстандық журналист, жазушылар мен мемлекет қайраткерлері. Басылым жеті бөлімнен тұрады. Тараулар 85 жыл ішінде қалалық газеттің өткен тарихи кезеңдеріне және өмірбаяндары қалалық газетпен тығыз байланысты адамдарға арналған. Шын мәнінде, журналистік жинақ «Вечерний Almaty» газетінің естеліктерге негізделген.

Бастаулар

Кітаптың алғысөзі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінен бастау алады. Қала газетін 85 жылдығымен құттықтай отырып, Президент «Вечерний Almaty» Қазақстанның көне мерзімді басылымдарының қатарына кіретінін атап өтті.

«Мерейтой – газет бастауында тұрған, өзінің дарыны мен күнделікті еңбегімен жұмыс сапасының жоғары стандарттарын орнатқан, отандық баспасөздің беделі мен беделін нығайтқан адамдарды еске алудың тамаша мүмкіндігі», – делінген құттықтауда.

Басылымдағы кіріспе сөздің авторы – Қазақстан Журналистика академиясының басшысы, тарих ғылымының докторы Сағымбай Қозыбаев.

Алғашқы қалалық газет «Социалистік Алматы» деп аталып, 1936 жылдың 28 сәуірінен 1939 жылдың ақпанына дейін жарық көрді.

Қалалық газет тарихындағы жаңа кезең 1960 жылдармен байланысты. Бұл кезең қаланың қарқынды дамуымен ерекшеленді. Атап айтқанда, Астана соғыстан кейін күшейе түсті, қала аумағы кеңейе бастады, Әлеуметтік және мәдени инфрақұрылым бой көтерді. Сонымен қатар, қалалық газеттің жандануы туралы мәселе көтерілді. 1968 жылдың 2 қаңтарында «Вечерний Алма-Ата» атты алғашқы нөмірі жарық көрді.

Сол жылдардың ахуалын өзінің құттықтау сөзінде Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері Олжас Сүлейменов дәл жеткізді: «Мен қала тұрғындарының «Вечерний Алма-Атаның» әрбір нөмірін қалай күткені есімде. Өйткені, бұрынғы кездегі дәуірінде бүтін онжылдықта газет дүңгіршектерде үлкен кезекке тұрған тұрғындардың бейнесі көз алдымда».

Қазақстан Журналистер одағының басшысы Сейітказы Матаев, мәдениеттанушы ҚР еңбек сіңірген қайраткері Мұрат



Әуезов, Журналистика академиясының басшысы, тарих ғылымының докторы Сағымбай Қозыбаев, басқа да танымал әдебиетшілер, публицистер мен журналистер кітаптың беттерінде басылымның тарихы ел тарихынан ажырамастығын атап өтті. «Вечерний Almaty» газеті кіретін «Alatau Aqparat» ЖШС-де шығармашылық даму жөніндегі кеңес құрылды. Консультативтік құрылымды Олжас Сүлейменов басқарды, ал Мұрат Әуезов, Сейітказы Матаев және Сағымбай Қозыбаев консультативтік құрылымның мүшелері болды. «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директоры, ҚР Журналистика академиясының академигі Төлеміс Күлмұхамедов атап өткендей, кеңес

мүшелері – корифейлердің тәжірибесі газеттің өткені мен бүгінін байланыстыруға, болашаққа жоспарлар құруға мүмкіндік береді.

Кітаптың келесі «...И в их судьбе была «Вечёрка», «О ней любимой...», «Они создавали «Вечерку» тараулары оқырманға газет тарихындағы кезеңдер мен оны жасаушылар туралы айтуды жалғастыруда.

«Вечерка» ғарышқа аттанды»

Кітаптың бір тарауы «Газеттің маңызды мәселелері» деп аталады. Айта кетейік, республикалық ірі шаралардың құрметіне көптеген мәселелер көтерілді. Бірақ бір мәселе шын мәнінде тарихи болып, газеттің өзімен тікелей байланысты болды. Ол – «Вечерка» ғарышқа аттанды» мақаласы. Алматы қалалық газетінің ғарыштық экспедицияда қалай болғаны туралы «Alatau Aqparat» ЖШС бас директорының орынбасары Абдухалил Джалилов «Вечерканың ғарыштық одиссеясы» эссесінде жазды...

1998 жылдың күзінің аяғында оралған «Вечерка» редакциясына 207 күн орбитада болған «Союз ТМ-27» ғарыш кемесінің экипажы шақырылды. Талғат Мұсабаев өзімен бірге газетімізді, «Мир» ғарыштық орбиталық стансасының түрлі бөлімдерін зерттеген бейнероликті ала келген. Бұл – газеттің 1998 жылы 2 қаңтарда шыққан мерейтойлық саны болатын. Белгілі себептермен оларға бұл тамаша бейнені естелік ретінде қалдыруға рұқсат етілмеді, бірақ газетіміздің ғарышта болғаны «Мир» станциясының борттық мөрмен расталды.

Бүгіннен – болашаққа

Талай сынақтардан өткен «Вечерний Almaty» газеті уақыт сынынан сүрінбей өтіп, үшінші мыңжылдыққа аяқ басты. Газет ұжымымен бірге Бас редакторлар Светлана Мищенко, Николай Жоров, Евгений Грюнберг, Михаил Буренков, қалалық басылымның қазіргі жетекшілері – Бас редактор Евгений Рахымжанов және «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов редакция жұмысын сапалы жаңа деңгейге шығарды. Баспа мазмұнын сақтай отырып, газет ақпараттық агенттік принципімен жұмыс істейтін интернет-сайты дамытып келеді.

«Вечерний Almaty»-ның ұзақ та даңқты тарихы бар, бұл басылым өзінің функционалдық сапасы мен қалалық газет мәртебесі жағынан ерекше екені сөзсіз... Тарихи құрамдас жағынан, тәжірибе жағынан «Вечерний Almaty» газеті «Казахстанская правда» және ең көне аймақтық басылымдар сияқты алпауыт басылымдармен бір қатарда» деп қала тұрғындары әлі күнге дейін сүйіспеншілікпен атайды», – деп түйіндеді «Alatau Aqparat» газетінің Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов.

ТАҒЫМ

Елі ардақтаған ер



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, мәдениет қайраткері Бақытжан Ысқаков тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды. Салтанатты шарада әншінің үзеңгілестері, достары мен көрермендері біртуар тұлғаны еске алды.



Бақытжан Ысқаков 1952 жылы 10 сәуірде Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақас-тек ауылында дүниеге келген. Он жылдық мектепті бітіргеннен кейін 1969 жылы Республикалық эстрада-цирк студиясына оқуға түскен. Атақты профессор, ән әлемінің дүлдүлі Ермек Серкебаевтың талантты шәкіртінің бірі атанған.

Ол 1982–1987 жылдарға дейін Б.Байқадомов атындағы қазақтың мемлекеттік хор капелласында еңбек еткен. Кейіннен оның тума талантына тәнті болған сол кездегі театр директоры Қуаныш Оразғалиев 1987 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрына шақыртқан.

«Театрға келгеніне аз уақыт болса да, Бақытжан барлық баритон партияларын орындап, жұлдызы жарқырап жанды. Менің есімде, сонау 1997 жылы біздер гас трольдік сапармен Орынбор қаласына бардық. Сол кезде менің жанымға бір кісі келіп, Орск қаласында 80% қазақтардың тұратындығын, олардың да ұлттық өнерді көруге ынтық екендіктерін жеткізді. Не керек, жолымызды, жатын орнымызды көтеріп берген әлгі кісілер бізді Орск қаласына әкелді. Ол жерде біздер «Қыз Жібек» операсын сах-

наладық. Сол кезде көрермен қошеметінің барлығы «Бекежанды» ойнаған Бақытжанға арналды. Қойылымнан кейін халықтың кеткісі жоқ, барлығының көңілдері босаған. Бақытжанға риза болғандары социалықты, Орск қаласының атынан «Жигули» көлігін сыйлады. Көрдіңіздер ме? Бақытжанның таланты талайдың таңдайын қақтыратын еді», – дейді Қуаныш Оразғалиев.

Бақытжан Тәкенұлы барлық опералық спектакльдерде басты рөлді сомдады. Олардың ішінде: А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайында» Абай рөлі және Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Бекежанның рөлі, Б.Жұманиязовтың «Махамбет»

операсындағы Махамбеттің рөлі, Вердидің «Травиатасында» Жермонның рөлі. Вердидің «Риголетто» операсында көптеген рөлдерде ойнады, ал «Ер Тарғын» операсындағы әншінің рөлі «Алтын қорда» сақталды.

«Біз Бақытжанмен студенттік кезден таныс едік. Бір жағынан жерлесім, ағамдай болып кеткен жән. Оның әншілік ғұмырын тек қана шыңға өрлеумен байланыстыруға болады. Консерваторияны бітіргеннен кейін өнер жолын қарапайым солс болып бастап, ең биік шоқтығына жеткен кезде өмірден озып кетті. Операдағы баритон партияларының ішіндегі ең жоғарғы ноталарды өз мәнерімен, шарықтап айтатын. Компо-

зитор болғандықтан біздің ойымыз бір жерден шығатын, алайда оның көрерменге жеткізу мәнері ерекше болатын», – дейді Қазақстан Композиторлар қауымдастығының төрайымы Балнұр Қыдырбек.

Ескерткіш-тақта Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрының ұжымымен Алматы қалалық әкімдігінің мұрындық болуымен ашылды.

«Бұл кісі баритондардың ішіндегі таңдаулысы, даусы әлемдік деңгейде болды. Үлкен партияларды 20 жыл бойы шаршамай, талмай айтып жүрген талантты ағамыз еді. Біздегі үлкен образдардың барлығын тамсандыра орындаған Бақытжан ағамыз болатын. Ол кісі жастарға тәлімгерлік етіп, бағыт-бағдар беретін. «Жақсыға жүрім жоқ» демекші, небәрі 53 жасында өмірден өтті. Көңілге медет боларлығы артында ұрпақтары қалды», – дейді Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрының директоры Нұрбақыт Бөкебаев.

Театр сахнасында жүріп, гастрольдық сапармен шетелдерді аралап, қазақтың опера өнерін әлемге танытты. Ал 1997 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» атанды. Бақытжан Ысқаков әншілік қызметімен қатар, Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінде ұстаздық етті.

«Бақытжан ерекше жігіт еді. Табиғи дарын, табиғи дауысқа ие болатын. Ол кездері біздер жаспыз, жатақханада тұрамыз. Сол шақтарда гитарамен ән айтатын. Кейіннен ол опера театрына ауысты, үлкен образдарды ойнады. «Орнында бар оңалар» демекші, бүгін міне, ескерткіш-тақтаның ашылуына келіп отырмыз. Бұл тақта болашақ жастарға, ұрпақтарға тәлім-тәрбие беретін үлкен құрал болады деп сенемін», – дейді Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Айдоос Бектемір.

Іс-шара соңында Бақытжан Ысқаковтың орындауындағы әндер жазылған күй-таспалар таратылып, опера әншісінің аты Наурызбай ауданындағы көшенің біріне берілетіндігін айтылып, көпшілікті қуантты. Сондай-ақ, асыл жары Қарлығаш апай мен ұлы Тимур келген қонақтарға алғыстарын білдірді.



КӘСІПҚОЙ БОКС

GGG-ге ЖҮЙРІК ЖЕТПЕЙДІ

Отандасымыз жапондық қарсыласын техникалық нокдаунмен ұтты. Сөйтіп, өзінің мықтылығын 40 жасында тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин (41-1-1, 36 KO) Жапонияның Сайтама қаласында өткен кәсіпқой бокс кешінде шаршы алаң иесі Риота Муратаны (16-2, 13 KO) 9-раундта нокаутқа жіберді.



Жекпе-жек 12 раундқа есептелген болатын, алайда ол мерзімінен бұрын аяқталды. Геннадий Головкин бұл жеңісінің арқасында WBA Super, IBF және IBO нұсқалары бойынша чемпиондық титулдардың иесі атанып отыр.

Total Sport сайты бұған дейін Геннадий Головкин бұл кештегі жекпе-жек үшін 5 млн доллар көлемінде кепілдендірілген

қаламақы және оған қоса PPV-дің 70% үлесін алатынын жазды. Бұл шамамен 12–15 млн доллар.

Жерлесіміз кезекті жеңісінен соң, қазақтың ұлттық нақыштағы шапанын жеңілген қарсыласының иығына жапты. Көпшілік мұны халқымыздың дүниетанымына сай құрмет пен ілтипаттың белгісі санады.

ДЗЮДО

ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Қазақстандық жас дзюдошылар Азия Кубогында үш қола медаль жеңіп алды.



кымбат Сейтмаханбет (+78 кг) ел намысын қолдап, құрама қоржына жүлде салды.

Өзбекстан астанасы Ташкентте дзюдодан жастар арасындағы Азия Кубогы аяқталды. Жастар арасындағы Қазақстанның қыздар құрамасы құрлық біріншілігінде үш қола жүлдеге ие болды. Атап айтқанда, Ұлдана Усейін (57 кг), Самалай Ергалиева (63 кг) және

БОКС

ҮШ АЛТЫН, ЕКІ КҮМІС, ҮШ ҚОЛА!



Отандастарымыз Тайландтың Пхукет қаласында өткен бокстан Thailand Open халықаралық турнирін сегіз медальді жеңіп алды. Жарысқа әлемнің 14 елінен 130 спортшы қатысты.

Күндізгі сессияда (57 кг) Серік Теміржанов бірінші алтынды жеңіп алды. Ол филиппиндік Ян Кларк Баутистамен кездесіп, 5:0 есебімен айқын басымдықпен жеңіске жетті.

63 келіге дейінгі салмақта Сұлтан Мусинов Тайланд өкілі Сомчай Вонгсуванмен кездесті. Ол қарсыласына жол беріп, турнирді күміс медальмен аяқтады.

Бокстан Қазақстан құрамасының капитаны Асланбек Шымбергенов (69 келіге дейін) финалда тайландтық Буджонг Синсириге есе жіберіп, ел қоржынына екінші күмісті салды.

Ағайынды Оралбайлар қос алтынды қанжығалады. 81 келі салмақта финалда Нұрбек үндістандық Ашиш Кумарды ұтса, Айбектің финалдағы қарсыласы ақтық белдесуге шықпағандықтан жеңіс отандасымызға берілді. Сондай-ақ, жартылай финалда қазақстандық Аятулла Тәкіжанов (75 келіге дейін), Сағындық Тоғамбай (91 келіге дейін) және Санатәлі Төлтаев (63 келіге дейін) қола медальмен турнирді аяқтады.

Осылайша бокстан еліміздің ерлер құрамасы үш алтын, екі күміс және үш қола медальмен халықаралық бәсекені аяқтады.

АҢЫЗ АДАМ

Дүниежүзілік спорт тарихында аты аңызға айналған спортшылар көп. Бірақ олардың бәрі шетінен бұқараның жадында қала бермейді.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз әлемге әйгілі былғары қолғап шебері Мұхаммед Әли. Ол жастайынан бар қиындықты көрді. Нәсілдік кемсітушіліктің салдарын тартып, онымен күреседі. Ішкі күш жігері оны биікке жетеледі. Құлады, қайта тұрды. Сөйтіп, дүттеген мақсатына қол жеткізді.



МҰХАММЕД ӘЛИ

ҒҰМЫРНАМАСЫ

Ашық дереккөздерде оның тағдыр тәлкегін көп көргендігі жазылған. Балалық шағы туралы да көптеген қарама-қайшы мәліметтер ұшырасады. Бірақ жас жалын барша қиындықты еңсереді.


Кейбір басылымдардың жазуынша, ол діни көзқарасын өзгертіп, мұсылмандықты қабылдаған. Соның нәтижесінде есімін Мұхаммед Әлиге өзгерткен екен.

Кассиус Марселлус Клей 1942 жылы 17 қаңтарда Кентукки штатының Луисвилл қаласында Одессаның балшықтарында, үй иесі және белгілер мен плакаттардың суретшісі Кассиус Клэйдің отбасында дүниеге келді. Екі жылдан кейін оның жалғыз інісі Рудольф дүниеге келді, ол кейінірек Рахман Алиге өз есімін ауыстырды. Кассиус мырза ол АҚШ-тың Кентукки өкілдігі мен Сенатта өкілдік ететін танымал либералдық саясаткер Генри Клейманның ұрпағы екеніне

сенді. Cassius отбасы қара орта таптың өкілі болды. Кассиус мырза кәсіпқой суретші болуға тырысып, белгілерін бояйды, әйелі болса бай отбасылардың үйлерін жинап, тазалады. Уақыт өте келе олардың жинақ ақшасы 4,500 АҚШ доллары мөлшеріндегі шағын коттежді сатып алуға жеткілікті болды. Анасының естеліктеріне қарағанда, таныстары жас боксшыға болашақта танымал боксшы Джо Луи сияқты бола алатынын айтатын.

5 ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТ

Ол – әлемге әйгілі боксшы әрі бірегей тұлға. Дүниеде ерекше дарынымен танылғандар аз емес. Бәлкім, бақ та, бап та қатар шапқан болар. Сондай жанның бірі – Мұхаммед Әли. Күллі адамзат өнеріне тәнті болған жан туралы бес қызықты деректі назарларыңызға ұсынамыз.



- Әйгілі боксшының шын аты – Кассиус Марселлус Клэй. Ол қарапайым ортадан шыққан. Америка Құрама Штатының Кентукки өлкесінде кедей отбасында дүниеге келген.
- Оның бокс залына келуі де қызық. Кішкене күнінде өзінің велосипедін қорғамақ болған. Сол себепті, өзінің сүйікті екі аяқты арбасын ешкімге бермеу үшін жаттығуға бара бастаған.
- Жаһан бойынша 5 дүркін жыл боксшысы атағын иеленді. Осылайша 21 жыл бойы шаршы алаңда үздіксіз өнер көрсетті. Тіпті, Вьетнам соғысына қатысуға келісім бермегені үшін шаршы алаңнан шеттетілді. Дегенмен, араға 3 жыл салып, барлық атағын қайтарып алды.
- Барша дүние жүзі мойындап, спорт иконына айналды. Сөйтіп, спорт тарихындағы ең танымал тұлға және ең ұлы боксшыға айналды. Сондай-ақ, сөзге шешен еді. Оның көптеген цитаталары тарихта қалған.
- Мұхаммед Әли – оның лақап аты. Көпшілік бұл есімді ислам дінін қабылдауымен байланыстырады. Өзі де көптеген сұхбаттарында онысын дәйектеді. Мәселен, АҚШ-тың орталық телеарналарына берген жауабында «өзінің бір ғана оққағары бар екендігін және ол жалғыз Жаратушы екендігін» айтқан.

ЖЕТІСТІК ШЫҢЫ

Көзінің тірісінде өзінің қайтпас қайсарлығы мен табандылығы арқасында талай шыңды бағындырды. Тіпті, жер шарындағы ең алып мегаполис Нью Йоркте оның есімімен аталатын көше бар.

- XVII Жазғы Олимпиада ойындарының жартылай ауыр салмақ бойынша чемпионы (1960).
- Ауыр салмақ бойынша абсолютті әлем чемпионы (1964-1966, 1974-1978).
- WBC (1974-1978), WBA (1967, 1974-1978, 1978), сонымен қатар «Ринг» журналының (1964-1971, 1974-1978, 1978-1980) версиялары бойынша ауыр салмақтағы әлем чемпионы. Сол журналдың 5 дүркін «Жыл боксшысы» (1963, 1972, 1974, 1975, 1978) және «Он жылдық боксшысы» (1970-шы) атағына ие болған.
- 1999 жылы Sports Illustrated және BBC Мұхаммед Әлиді «Ғасыр спортшысы» деп таныған.
- Президенттік бостандық медалі (2005).
- Amnesty International ұйымы марапаты.
- Отто Ган атындағы бейбітшілік медалі (2005).
- «Жүзжылдық Кентуккилік».
- «Жүзжылдық Луисвиллік».
- Филадельфиялік бостандық медалі (2012).

НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Ол филантроп және нағыз қоғам қайраткері. Сондай-ақ, жыл боксшысы атағына 5 рет ие болған бүгінгі дейінгі жалғыз спортшы болып табылады. Бүкіл әлем мойындаған, спорт иконына айналған, спорт тарихындағы ең танымал тұлға, ең ұлы боксшы. Сөздің түбін түсіретін, оның көптеген цитаталары тарихта қалған. АҚШ үкіметі Әлиді мансабының шарықтау кезінде әскерге шақырғанда АҚШ-тан алыс жатқан бізге тиіспеген Вьетнамға қарсы соғысқа бармаймын, армиядан бас тартамын деп мәлімдеген. Осыдан АҚШ үкіметі оны барлық атақ-даңқтарынан айырып, үш жылдан астам уақытқа бокстан аластайды. Спортқа қайта оралғаннан кейін тарихшылар атап кеткен «бокстың алтын дәуірінің» барлық мықты боксшыларын жеңіп, өзіне барлық атақ-даңқын қайтарып алады. Ал әйгілі Джо Фрейзермен қарсыластығы спорт тарихындағы жарқын беттерге айналды.

- Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман, мақсат чемпионды тудырады.
- Жақсы жауабың болмаған кезде, үнсіздік алтынмен тең.
- Дүниеде шындықтан күлкілі әзіл жоқ.
- Көбелек сияқты елбеле. Ара сияқты шақ.
- Адам жиырма жасындағы көзқараспен елу жаста да қараса, онда ол өз өмірінің отыз жылын жоғалтты.

• P.S.: •

Біздер ұлы тұлғаның бірнеше қырын ғана айттық. Ал көпке беймәлім ерекше қасиеттері туралы айтылмаған сырлар көп. Оны сүтүбінде жатқан маржанға теңейміз.

Бетгі әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӨТТИҢ, ДҮНИЕ

«Ғылым ордасында» Алматы жұртшылығы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР бұрынғы Білім және ғылым министрі, Парламент Сенатының экс-депутаты, Халықаралық педагогикалық білім беру академигі, Ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі Шәмша Беркімбаеваны ақтық сапарға шығарып салды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақ қыздарының эталонына айналған, болмысы бөлек, бекзат жанмен қоштасу үшін келген кісілердің қарасы да қалың болды.

Қаралы жиынды ашқан мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин алаштың ардақты қызы Шәмша Көпбайқызының қатардағы мұғалімнен мемлекет қайраткеріне дейін жүріп өткен жолына тоқталды.

Кезінде ұлт ардақтылары болған Д.Қонаев, А.Асқаров сынды саяси тұлғалармен қатарласа жүріп, сыннан сүрінбеген, еңбегін еліне арнаған, тіпті сол жолда өз

Алаштың ардақты айымы



үлесінен ұлт мүддесін жоғары қойған ардақты жанның кесек мінезі мен қайталанбас бейнесі туралы тебірене жеткізді. Алаштың ардақты қызының өз ұлтының болашағы мен ел Тәуелсіздігінің нығаюы жолындағы үлесіне кеңінен тоқталып, марқұмның отбасына, барша қазақ халқына көңіл айтты.

Қаралы жиында Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көңіл айту хаты оқылды. Сонымен қатар, ҚР Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың көңіл айту хатын сенатор Бақытжан Жұмағұлов, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың атынан көңіл айту хатын Дархан Мыңбай, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың көңіл айту хатын қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов оқып берді. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Ләззат Тұрлашов сөз алып, ғибратты ғұмыр кешіп, шынайы құрметке ие болған жанның қасиеті, іскерлігі мен қабілеті туралы айтты.

Шәмша Көпбайқызы өзінің іскерлігі мен қабілетінің арқасында сан түрлі салада, бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыруда абыроймен еңбек еткен жан. Сәулелі де сәннелі ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге, ұлт мүддесіне қызмет етуге, білім мен ғылым саласына арнаған зиялы жанның соңында, өзі айтқандай «Ізгілікке толы жолы» қалды.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕҒЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕҒЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

Наурызбай ауданы әкімі С.Тоғайдың тұрғындармен кездесуі

ҚР Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» жаңа Жарлығын іске асыру аясында Наурызбай ауданының әкімі С.Тоғай 5 рет көшпелі кездесу және 27 тұрғындарды қабылдау өткізді. Оған 691 адам қатысып, барлығы 252 сұрақ қойылды.

Қойылған сұрақтар ішінде коммуналдық мәселе бойынша – 54, көріктендіру – 19, құрылыс – 7, көлік – 3, материалдық көмек – 1, басқа мәселелер – 168 сұрақ қойылды. Оның ішінде 72-шешілді, 93 – жұмыс үстінде, 87 – түсініктеме берілді.

Құрметті «Тастыбұлақ», «Таужолы» шағынаудандарының тұрғындары!

ҚР Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» жаңа Жарлығын іске асыру аясында ағымдағы жылы 13 сәуірде сағат 11.00-де №188 ЖББМ Жандосов к-сі, 4 мекенжайында аудан әкімі С.Тоғайдың «Тастыбұлақ», «Таужолы» шағынаудандарының тұрғындарымен кездесуі болады.

Сондай-ақ, тұрғындардың ынғайлылығы үшін кездесу әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетіледі.

«Тастыбұлақ», «Таужолы» шағынаудандары тұрғындарынан өзекті мәселелер жиынтығын құру үшін сұрақтар мен ұсыныстар жинау бойынша жұмыс комиссиясы қызмет атқаруда.

Сұрақтар мен ұсыныстарды әлеуметтік желілер арқылы немесе әкім аппаратының кеңсесінде өтініш қалдыра аласыз және 8 700 308 70 20 нөмірі арқылы жедел желі немесе электрондық пошта n3074556@mail.ru жұмыс істейтінін назарларыңызға жеткіземіз.

#akimatalmaty
#akimatnauyzbai

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 22 сәуірде сағат 09.00-де Алматы қаласы, Өуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, кулондар, алқапар).
Лоттар саны – 896 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Өуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmp.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 21 сәуіріне дейін сағат 16.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Бостандық ауданы Әкімінің аппараты және аудандық Ардагерлер кеңесі мемлекет және қоғам қайраткері, ауданымыздың атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған
Айтқали Әкішұлы
ҚАСЕНОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



КИНОКЕҢІСТІК

Болашақ Шәкендер
өсіп келедіРая
ЕСКЕНДІР

Ұлттық кино өнері туралы жақсы пікір де, сын да жетіп-артылады. Кенжелеу дамыған жанр болған соң, әрине, бұл орынды да шығар. Дегенмен, соңғы жылдары тұрақты түрде өткізіліп, үрдіске айналған «Қазақстан балалары шексіз әлемде» атты VI қалалық кинофестиваль осы олқылықтардың орнын толтыра бастағандай. Биыл да аталмыш кинофестиваль қала әкімінің тікелей қолдауымен өткізіліп отыр. Осынау байқаудың ұйымдастырушысы №7 Оқушылар үйінің директоры Айнұр ДАУЫЛБАЕВАНЫ әңгімеге тартқан едік.

– Айнұр Мұратқызы, осы байқаудың ыстығына күйіп, суығына тонып жүрген жансыз. Байқауды ұйымдастырудағы басты мақсатыңыз не еді? Осыған тоқтала кетсеңіз...

– Бұл бастаманы қолға алмас бұрын көп ойландым. Біздің Оқушылар үйінде түрлі үйірмелер жетерлік. Дегенмен, киноиндустрия саласына бағыт беріп, балаларды қызықтыратын осы кәсіпке баулитын нақты үйірмелер жоққа тән. Бірақ болашақта режиссер болып, кино түсіргісі келетін балалар өте көп. Содан осы саланың нағыз мамандарымен ақылдаса келе, ақыры осындай бір байқауды өткізуге бел байладық. Бұл ретте қазақ киносына өлшеусіз үлес қосып кеткен, атақты кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетов ағамыздың айтқан ақылы мен мол тәжірибесі бізге үлкен көмек болғанын айтқанымыз орынды. Алғаш рет «Қазақстан балалары шексіз әлемде» атты

кинофестивальдің тұсауы 2017 жылы кесілді. Сол жолы қазақ өнерінің корифейлері Сатыбалды Нарымбетов пен Нұрғали Нүсіпжанов болашақ жас режиссерлерге ақыл-кеңестерін айтып, ақ баталарын берді. Содан бері байқау жалғасын тауып, биылғы жылы алтыншы мәрте өтіп отыр. Ең бастысы, байқау Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік тапсырысымен, қалалық әкімшілік пен Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының тікелей қолдауымен өтіп келеді.

– Балалар көбіне қандай жұмыстарға бейім екен? Әлде, байқаудың өзіндік ережесі болды ма?

– Биылғы байқауға өте көп үміткер қатысты. Таңдаған жанрлары да әртүрлі. Батыл қадамдарына қарап-ақ, олардың қиялының үшқыр екені бірден байқалады. Оның үстіне, қазіргі кезде киноның да саласы көп қой. Негізінен, байқауға келіп түскен жұмыстарды «Деректі фильм», «Ойынды

фильм», «STOP-MOTION», «Анимациялық фильм», «Музыкалық клип», «Әлеуметтік кино», «Киножурнал», «Телесюжет», «Үздік операторлық жұмыс», «Ғылыми кино» атты жанрлар бойынша бағаладық. Жалпы, кино саласында деректі фильм жанры өте күрделі. Бұл жанрды кезінде қазақ киносына Хаким Даулетбақов атты дара таланттың әкелгені белгілі. Сәтін салса, осынау тұлғаның құрметіне арнап байқау өткізу де ойымызда бар. Дегенмен, әр жылғы байқау өзіндік ерекшеліктерімен есте қалып жатады. Мәселен, биылғы байқауға «100 есім», «Қаңтар қасіреті», «Жамбыл Жабаев», «Көкжиек», «Жеңімпаз» атты өте сәтті шыққан деректі фильмдер келіп түскен екен.

Байқауды өткізудегі басты мақсатымыз – жастардың өнерге деген қызығушылығын оятып, болашақта осы саланы дамытатын, мықты мамандарға жол ашсақ деймін.



КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Еңбекқор етікші

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Етікші жігітті осы ықшамауданның тұрғындары түгел таниды. Өзі де кісіге жұғымды, ақкөңіл азамат. Қашан бас сұқсаңыз да, кішкентай бөлмесінен адам арылмай, жұртты жылы қабылдап, жөнін айтып жатқаны.

Әдеттегідей, кісі бүгін де көп екен. Біраз күтуіме тура келді. Шағын бөлмеге кілемше төсеп, екі кісілік орындық қойыпты. Отырған орны да мұнтаздай таза. Оң жағында балға, біз, қажетті құрал-жабдықтар салған қапшық қалта ілулі тұр. Алдындағы темір ыдыстарды түрлі шегеге толтырып қойған. Аяқкиімді қолына алып, айналдыра қарап шықты. Сосын алдындағы темір төстікке кигізіп, табанына желім жағып, келесі бір аяқкиімнің тағасын жөндеуге кірісті. Аз ғана уақыттан соң әлгі желімі қатқан аяқкиімнің табанын айнала шегемен қағып шықты. Дайын болған соң шеткемен ысқылап еді, жалтырап шыға келді.

– Айына бір күн ғана демаламын. Онда да қажетті тағамды, былғары, басқа да керек-жарақтарды әкелу үшін үлкен базарларды аралаймын. Қазір маған қажетті деген



өнімдердің бағасы көтеріліп кетіпті. Мына кішкентай орынның жалға алған құны мен жарыққа кететін шығыны бар. Одан қалған қаражат күнделікті жүріп-тұрғаным мен отбасының қажеттіліктеріне кетеді. Ең бастысы, екі қолға жұмыстың табылғанын айтсаңызшы. Осы кәсіпті әскерде жүргенімде армян жігітінен үйреніп алып едім. Қазір бұйырған несібемді тауып жүрмін, – дейді «ерінбейтін» етікші жігіт.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

«Шіркін,
жолым болса
екен!..»Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Адам баласының көңілі аспан секілді. Бірде шайдай ашық, енді бірде бұлттай түнеріп тұрады.

Қара күз болатын. Қыркүйек айының басы, ептеп суық байқалады. Жоғары оқуға тапсырып, жауабын күтіп мен жүрмін. Бойымды уайым мен күдік билейді. Түркістаннан мардымды жауап болмағанның кейін, Шиеліге бірер күнге демалысқа келгенмін. Күрішке орақ түсіп, егін-тегін түгел жинала бастапты. Біз де азын-аулақ қауын-қарбыз, қияр, қызанақты базарға сатып әлекпіз. Ал кешке ата-анам, екі қарындасым және көкем – Абылайхан алтауымыз асқа жиналамыз.

Сондай қызу тірлікпен өтіп жатқан күндердің бірінде Ақтөбе өңіріне тұрмысқа шыққан әпкем, екі жасар шамасындағы баласы және жездем үшеуі біздің үйге қонақ болып келе қалды. Үй іші азан-қазан, бәріміз қуанып жүрміз. Негізі, ол кісі біздің ауылдың шетінде, «Табан» деп аталып кеткен шалақ көше бар, сонда тұратын атамыздың жалғыз қарындасы – Әсия апамыздың кіші қызы Кенже. Кенже өзі ірі денелі, қараторылау келген, көзі қысыңқы, ойын ашық айтатын ақжарқын жан. Ал жездеміз бойшаң, сарылау келген, орынсыз сөз бастамайтын қарапайым жігіт болатын.

Олар келіп бір шай ішемін дегенше қас қарайды. Жездем екеуіміз сыртқа таза ауамен тыныстамаққа шықтық. Ол темекі тұтатып, түтінін будақтатып тарта бастады. Сосын бір әңгіме бастады. «Бұрынырақ АҚШ-тың Техас штатында бір жас жігіт оқуға ілінбей, ауылына қайтпаққа вокзалға келіп, пойызын күтіп ойланып отырады. Сәлден соң бір қария бозбалаға: – Неге мазасызсың, балам? – дейді. – Шынымды айтсам, оқуға ілінбей, ауылыма жүргелі тұрмын, – дейді бозбала. Жігіттің аты Джек, ал қарияның есімі Эдиссон екен. Эдиссон жігіттің талабы мен намысы қайнап тұрғанын байқап, түбінде бір жерден шығады-ау деп түйеді. Барлық жайды ұғынысып-біліскеннен кейін ақсақал жігітті ауылына қайтармай, оқуға түсіреді. Қарияның қала ішінде «Мейірімді адамдар» деп аталатын кафесі бар екен. Ал Джек болса қысқы-жазғы демалыстарында ақсақалдың кафесінде жұмыс істеп, өзіне де, отбасына да қаржы тауып жүреді. Кей кездері Эдиссон ақсақалдың қала сыртындағы саябағына барып бірге демалып тұратын. Осылайша оқу да бітіп, Джек табысты бір компанияда жұмыс істеп көтеріле бастайды. Арада жылдар өтіп жатты. Баяғы жас жігіт пен қария, әкелі-баалай болып үнемі араласып, бір-бірімен хат алысып жүреді.

Күндердің күнінде ақсақал хал үстінде жатыр деген суық хабар келеді. Дереві өзінің қымбат көлігін мініп, қала сыртындағы ақсақалдың үйіне жетеді. Эдиссон Джекке бір хатты береді де, қолын қатты бір қысып, о дүниеге кете барады. Джек өмірлік ұстазына айналған Эдиссон әкейді жерлеп, кейін оның атынан «Мейірімді адамдар» дейтін қор ашады. Сондағы хатта не жазылған дейсіз ғой. Онда «Жас күнімде маған да бір ақсақал дәл осылай жәрдем жасаған еді, мен ол кісіге әлі күнге қарыздармын. Жас кезімде «Шіркін, жолым болса екен...» деп армандаушы едім. Ол орындалды. Осы істі енді сен жалғастыр» деген аманат бар екен». Жездем үйге кіріп кетті. Ойлап мен сыртқа қалдым. Көп ұзамай Түркістанға оқуға түсіп, оны бітіріп Алматыға келдім. «Шіркін, жолым болса ғой» деп баяғы айтылған оқиғаны есіме жиі аламын, аңсаймын бір ғажайыпты...